Өзбекстан Республикасы Халық Білімдендіру Министрлігі

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

«Бастауыш тәлім методикасы» кафедрасы

«Бастауыш тәлім методикасы» кафедрасы

Ана тілін оқыту методикасы пәнінен

# Л Е К Ц И Я   Т Е К С Т Т Е Р І

Нөкіс 2010

## Бастауыш сыныптарда ана тілін оқыту методикасының предметі және міндеттері

**Жоспар:**

1. Ана тілін оқыту методикасының предметі және міндеттері
2. Бастауыш сынып ана тілін оқыту методикасының бөлімдері
3. Ана тілін оқыту методикасының басқа предметтер мен байланысы

**Таяныш түсінік:** Ана тілін оқыту және міндеттері туралы түсінік беру, ана тілін оқыту методикасының бөлімдеріне ізбе-із тоқталып өту, ана тілін оқыту методикасының басқа пәндер мен байланысы туралы түсінік беріп өту

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3.С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985ж
4.

Қазақ тілін оқыту методикасы - мектептерде қазақ тілін оқытудың жолдарын, тәсілдерін белгілейді және педагогикалық ғылымдардың қатарына кіреді. Ұзақ кезендер бойынша жасалып шығылған ғылыми теорияларға сүйене отырып, оқушыларды оқыту, тәрбие беру, сол арқылы оларды дамытып отыру ісінің практикалық міндеттерін шеше алатын өзіне тән объектіне, мазмұнына, үирену ізбе-іздігіне, зерттеу методтарына, дәлілдеу тәсілдеріне ие болады.

Қазақ тілін оқыту методикасының үиренетін пәні жастарға тәлім-тәрбие беру процесінде ана тілін жан - жақтама үирену, сол үиренетін пәнінің тиімді жолдары мен тәсілдерін зерттеу мен узақ сынаудың жумағының оның тиімді, қолайлы деп табылған жолдарын оқу процесінде практикалық жақтан іске асырып отыру, солай етіп бұлардың тиімді жумақтарын мектеп тұрмысына ендіріп барудан ібарат.

Қазақ тілін оқыту методикасы мұндай оқытудың барысында бастауыш сыныптарда оқушылардың қазақ тілін жан - жақтама (сауат ашу, тіл өсіру, оқу, грамматика, фонетика, лексика бойынша) үиренудің, үйренгендерін практикалық жақтан іске асырып барудың қолайлы зандылықтарын істеп шығыу міндді де жүктенеді. Сонын мен бірге ана тілін оқыту методикасы тәлім-тәрбие ісіне жәмиет тарапынан қойылып отыратын социалдық талап болған - жастарды жоқары адамгершілік рухында тәрбиелеп бару, олардың сана-сезімін дамытып отыруда тиімділікке ерісіп отыратын тиімді прогрессив жолдарын да, тәсілдерін де, қарастырып, оны іске асыруға жол-жоба көрсетіп, шешіп отырады.

Қазақ тілін оқыту методикасы тәлім-тәрбие тарауының алдында тұрған мұндай міндеттерге жол-жоба көрсетіп бару мен бірге, студенттер мен мұғаллімдердің осындай әдулі іске сүйіспеншілігін арттыруды, жалпы педагогика, жеке пәндер методикасы негізінде системалы білім мен тәмин етуді, іске дөретушілік қатнасты, алдыңғы тәжрибелерді тынбай үйреніп бару және тиімді формалары мен түрлерін пайдалана білуді көзде тұтады.

Ана тілін оқыту методикасы практикалық пән сыпатында үш міндетті орындайды:

1. Нені оқыту керек - деген сұраққа жауап береді, немесе бастауыш сыныптар үшін программа жасап шығады оқулық және оқу қолданбаларын жаратып береді. Олардың сыпаттылығын және нәтижесін әр қашан тексеріп барады.

2. Қалай оқыту керек - деген сұраққа тәлім берудің методтары, методикалық тәсілдер, жаттығулар системасы, қолданбаны амалда қолдану жолдарын, жазба жұмыс, практикалық жұмыстар системасын, сабақ, оның түрлерін жасап шығып жауап береді.

3. Не үшін осылай оқыту керек - деген сұраққа мұнда ғылыми жақтан ең пайдалы методтарды үирену, тандау, дәлілдеу, көрсетпелерді экспериментал тексеру міндеттерін орындайды.

Ана тілін оқыту методикасы тәлімнің түрлі басқыштарында оқушылардың білім, көндікпелерін анықтайды, оқытудың

жетіскендіктерін және кемшіліктерін белгілейді, себебін іздейді, оны сапластыру жолдарын табады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, орта мектептерге қарағанда бір қанша өзгешеліктерге ие. Себебі бастауыш сыныптарда тіл туралы басталғыш білім алу мен бірге, ол үстінде көндігіп барады. Білім беру практикалық характерге ие болады. Тіл бойынша алғашқы бастауыш білім, көндігу берілуіне байланысты жұмыс та «Бастауыш білім беру методикасы» деп аталады.

Солай да,басқа жеке пәндердің методикасында-ақ бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы да ғылыми методологияға сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың методтары мен тәсілдерін, сол пән бойынша тиімді тәлім-тәрбие, көндікпе беру міндеттін шешіп беруді өз алдына мақсат етіп қояды. Соның мен бірге студент, мұғаллімдердің педагогикалық (методикалық) көз-қарасын, оның педагогикалық (методикалық) ісенімін қалыптастып ені және өз қәнігелігіне сүйіспеншілігін келтіріп шығарады. Қалыптасқан метод, тәсіл, алдынғы методикалық тәжрибелер мен таныстыру арқылы оларды өз істерінде тиімді қолданып барудың жолдарын көрсетеді.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы: а) тіл туралы ғылыми тәлиматқа, б) педагогика мен психологияның тәлім-тәрбие беру системасындағы сыналған теориясы мен практикасына, в) сыныптық педагогтар мен, кәзіргі заман педагогтарының ғылыми еңбектеріне, г) шынлықты таныпбілудің теориясына сүйене отырып іс алып барады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы негізінен төрт бөлімнен тұрады:

1. Сауат ашудың методикасы: 2. Ана тілін оқытудың методикасы: 3.Грамматика және орфографияны оқытудың методикасы: 4.Оқушылардың сөйлеуін дамытудың методикасы.

*Сауат ашудың методикасы* жастарды оқи алу және жазу, сөйлеуін өсіру, сол арқылы олардың сана-сезімін дамытып барудың методтары мен тәсілдерінің системасы бойынша тиімді тәлім-тәрбие берудің жолдарын белгілейді және ол бойынша ісленіп жатырған

оқу-оқыту істеріндегі алдыңғы тәжрибелерді жумақтай келіп, оның қолданыу жолдарына сілтеу беріп отырады.

*Ана тілін оқыту методикасы* оқушылардың дүньяға көз-қарасының қалыптасуы, оқудың тұрмыс пен байланысуы, әдеп-икрамдылық жолдарын меңгеру мен балаларды саналы оқуға, дұрыс оқуға, тез оқуға, тәсірлі оқуға үйрету, үирену жолдарын анализ етеді, бұл бойынша тиісті метод пен тәсілдерді қолданыудың жолдарын шешеді.

*Грамматика мен орфографияны оқыту методикасы* балалар тіліміздің грамматикасы мен орфографиясы бойынша, тіл өсіру, бұлар үстінде дөретушілік істер орындаудың методтары мен тәсілдерінің системасын үирену мен оларды үйрету, үиренудің тиімді жолдарын өз ісінде іске асырып отыруды ұсынады.

*Грамматика мен орфографияны оқыту методикасы* бастауыш сынып балаларының дамымағандығын еске ала отырып, тіл өсіру ісі балалардың ой-өрісінің дамуына байланысты екендігін назарда тұтып, осыған байланысты істелуге тиісті істерді, оны алып бару жолдарын, қолданылатын метод пен тәіслдер системасын зерттейді, қолданыудың жол-жобасын сілтейді.

Бастауыш сыныптарға дүзілген қазақ тілінің программасы бес бөлімнен ібарат болып дүзіледі: 1. Сауат ашуға үйрету, тілін өсіру. 2. Оқу және тілін өсіру. 3.Грамматика, дұрыс жазу және тілін өсіру. 4.Байланысты сөйлеуге үйрету. 5.Таза жазу. Қазақ тілін үиренудің бірінші басқышы ретінде оқушыларды оқу ісіне дайындаудан басталып, екінші басқышында балалардың сауатын ашуға өтеміз. Бұл кезенде оқу, жазу, байланысты сөйлеу істері басты жұмыс болып, мұнда - дыбыс, буын, сөз, сөйлем үстінде болмаса керісінше, сөйлем, сөз, буын, дыбыс үстінде орындау мен шұғылданады. Бұл кезенде көбінесе жұмыс аналитикалық, синтетикалық болмаса керісінше синтетикалық, аналитикалық жұмыс орындау тәсілін басшылыққа алып, оқушылардың сөз байлығын дамыту үстінде істеледі. Соның мен бірге жазу жұмысына көбірек кеуіл бөлінеді.

Грамматика мен орфографияны үйреткенде оқушыларға алғашқы білім және көндікпелер беріледі. Бұл да белгілі бір системаға байланысты болып, бастауыш сыныпта грамматика мен орфографиядан алған білім және көндікпелері кейін орта мектепте алатын білімі мен көндігуінің негізі бола алғандай болыу тиіс. Бұл міндеттін шешу үшін грамматика мен орфографиядан алатын білім және көндігу жұмыстарының көлемін программада төмендегі бағдарда алып бару белгіленеді: 1. Дыбыс және әріп, буын. 2. Сөз. 3.Сөйлем. 4. Байланысты сөйлеу. Бұлар бірінші басқыш - I-II сынып, екінші басқыш - III (IV) сыныптарда алып барылады. Бастауыш сыныптарда көбінесе оқушылардың көндігуіне көбірек ітібар беріп бару керек. Себебі, мұнда берілетін білім негізінде практика түрде болғанлықтан, практика жұмыс істей білу көндікпелеріне көбірек ітібар беріп бару талап етіледі.

Оқушылардың әр бір тарауды үиренуінің барысында олардың тілін өсіру жұмыстары мен, мәдени сөйлеу көндікпелеріне айрықша ітібар беріп барылады. Бұл әр бір тарау бойынша өтлетін сабақ үстінде шешіліп отырылуы керек. Себебі, бастауыш сынып оқушыларының бұл бойынша тәжрибелерінің аздығын есепке алатын болсақ, міндет оннан да бетер жуапкерлі екендігін сеземіз.

## Сауат ашу методикасының мазмұны

### Жоспар:

1. Сауат ашу методикасы туралы
2. Оқыту методикасының зерттеу методтары
3. Оқытудың принціптері туралы

**Таяныш түсінік:** Сауат ашу методтары бақтау методы тәжрибелерді үйрену және анализдеу қорытындылау, жеке әңгімелесу методы, анкета жүргізу методы, статистикалық метод, сынап көру. Дидактика саналылық принціпі, түсінікті болу,оқытудың көрсетпелілік принціптері туралы түсінік беру

## Пайдаланатын әдебиеттер

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасының өзіне тән болған негізгі деректері бар. Бұл дерек негізінен көп жылдар дауамында зерттелудің, сынау өткерудің, тәжрибелерді жұмақтаудың нәтижесінде пайда болды. Осыдар негізінде әр бір пәнді оқыту методикасы өзінің зерттеу методтары мен тәсілдеріне ие болды. Бірақ бізде мұндай зерттеу болмауының нәтижесінде басқа тілдердің методикасының тәжрибесін басшылыққа ала отырып, өзінде жыйналған тәжрибелерге сүйеніп іс алып барды. Соның мен бірге қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу методтары кәзіргі педагогикадағы негіз салынған және іс жүзінде сынап көрілген методтарға сүйенеді және басшылыққа алады.

Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу методтары:

1. *Бақлау методы.* Бұл оқу процесінде және оқудан тыс жұмыстарды жүргізудің барысындағы тәлім-тәрбие істеріне бақлау жүргізуде жие қолданылатын методтың қатарына жатады. Мұнда тәлім-тәрбие барысына қадағалап бару арқылы қазақ тілін оқыту, ол бойынша әр түрлі сыныпта, сыныптан тыс жұмыстар орындау, онда қолданылған мұғаллімнің іс тәсілі, оннан шыққан нәтижелер, оның тиімді, нәтижесіз тараптары анализденіп, соған сүйеніп жумаққа келеді. Осы жумаққа сүйеніп, оны практика жақтан іске асыруға сілтеу беріледі.

2. *Тәжрибелерді үирену, анализдеу және жумақтау.* Мұнда кейбір мұғаллімдер жәмиетінің оқу-оқыту ісіндегі тәжрибелері үйреніледі. Бұл жағдайда кәзіргі мұғаллімдердің де, өткен уақыттардағы мұғалімдердің де тәлім-тәрбие беру ісіндегі тәжрибелері нәзерде тұтылады. Солай етіп, бұл әр тараптама үйренілген материалдар анализденіп, белгілі бір жумақ беріледі. Мұнда да жумақ екі түрлі

болуы (ұнамды, ұнамсыз) мүмкін. Мұндағы ұнамды деп табылған жумақтар практика істеп көруге ұсынылады.

3. *Жеке әңгімелесу методы.* Бұл метод арқылы зерттегенде қазақ тілін оқу-оқыту ісінің тиімділігін (болмаса нәтижесіздігін) көру мақсатінде мұғаллім және оқушылар мен сұрақтарға сүйене отырып жеке әңгімелеседі. Бұл кейбір сыныптардағы программалық материалдардың негізінде болады. Әңгімелесудің нәтижесі шығарылып белгілі бір жұмақ беріледі.

4. *Анкета жүргізу методы.* Программалық материалдың бір бөлегіне болмаса тәлім-тәрбие ісінің барысына, болмаса жумағына байланысты кейбір оқушыларға, сыныпқа болмаса параллель сыныптарға жүргізіледі. Солай етіп, балалардың болмаса мұғаллімдердің, кейде ата-анадардың тәлім-тәрбие ісінің барысындағы бір құбылысқа көз-қарасы анықтанып, анализденіп, жумақ шығарылады.

5. *Статистикалық метод.* Мұнда да программалық материалды қалай үлгеріп баруының динамикасы мақсатінде орындалады. Мысалы, бірінші шеректегі үлгеру мен екінші шеректегі үлгерудің барысындағы статистикалық өзгерісті білу, үлгеру, көндігуінің сапасы, оқушылардың қәтелерінің санының азайыу, көбейу көлемін анықтау мақсатында орындалады. Осыдар бойынша жүргізілген статистикалық жұмыстардың нәтижесі анализденіп, жумақ беріліп отырылады.

6. *Сынап көру методы.* Бұл метод қандай болмасын жаңа тәжрибе, жаңалықты анықтау мақсатында қолданылады. Мысалы, программаға сай дүзілген оқулықтан, оған кіргізілген материалдардың, жаттығулардың сол сынып оқушыларына үйлесімділігін көру мақсатында орындалу мүмкін. Мұндай жағдайда сынап көру бір сыныпқа қойылып, екінші параллель сынып қадағалауда тұрады. Бұл сынып жағдайында да, лабораториялық жағдайда да орындалады. Басқа методтарға қарағанда бұның нәтижесі анық деп қаралып, қорытынды беріледі.

Бұл зерттеу методтарының болғаны деп қарамау керек. Заман талабына сай тәлім-тәрбие ісінің мазмұны, системасы жақсыланып

барады. Мұндай жетіскендіктерді әлі де зерттеуді талап етеді. Методика болса зерттелген белгілі бір жұмақты ғана қабыл етіп, іслеп шығады және оны қолданыуға бағдар береді.

**Дидактика** - гректің didaktikos деген сөзінен келіп шығып, оның негізгі мәнісі «оқытаман» деген мәнiнi андатады. Педагогиканың оқыту мен тәлім-тәрбие беру теориясын, оны іске асырудың жолдарын белгілейтін бөлімі болып есептеледі. Ал дидактикалық принціптер болса оқушыларға берілетін тәлім-тәрбиенің негізгі мазмұны болып есептеледі. Бастауыш сыныптардың барлық пәндерінің алдына қойылатын негізгі дидактикалық принціптер оқытудың негізгі - білім, тәрбие беру мен дамып барудай негізгі функциясының негіздерін белгілеу. Сондықтан оқыту, оқу жұмыстарын алып баруда, сүйенетын тірек - дидактикалық принціптер болады. Қазақ тілін оқытуда, тәрбие беруде, дамытуда осы принціптерге сүйене отырып іс алып барылады. Қазақ тілін оқыту ісі бастауыш сыныптарда шешуші орынды иелейді.

Дидактика тәлім-тәрбие істерінің белгілі бір системасын белгілейді де, оқыту процесінде осы системадан пайдалана отырып және соған сүйеніп іс алып барады. Бұларды бір-бірінен бөліп алып қарауға болмайды. Оқытудың басты принціптерінің бірі - *Саналылық принціпі* болады. Саналылық - оқығанын толық және жан - жақтама түсіну, түсінгенін практика жақтан қолдана білу. Бастауыш сынып балаларының тұрмыс тәжрибесінің азлығын есепке алсақ, бізге бунын жауапкершілігі түсінікті. Егер оқушы саналы түсінсе, жұмысқа саналы қатнас жасаса, оқығанын, үйренгенін, меңгергенін қайта түсіндіріп, дәліллеп берсе ғана саналы меңгерген деп жүргізіледі.

Оқу материалдарын саналы меңгерудің бас дұшпаны оқуға үстіртін қарау, шала түсіну, жаттау құбылысдары болып есептеледі. Мұндай құбылыс бастауыш сынып балаларына тән жағдай. Бұл балалардың білімді саналы иелеуіне, саналы жұмыс орындауына кесент береді және білімді үстіртін меңгеріп, негізгідарын дұрыс иелеп ала алмайды да, келешекте жұмыс орындау уқыбы төмен болады. Грамматикалық түсініклер абстракт түрде болуына байланысты

балалар саналы түсінбеген жағдайда оның мен жұмыс іслей алмайды, қыйыншылыққа ұшырайды. Сондықтан балалардың мектепке келген күнінен бастап, мұғаллім *біріншіден*, оқушылардың тіл байлығын дамыту, *екіншіден*, әр түрлі грамматикалық түсініклерді, *ушіншіден*, тіллік материалдарды меңгерту және оқушылардың логикалық ой-өрісін дамытыпып отыру істері мен шұғылланады. Мұннан жоқары басқышқа өту үшін балалар грамматикалық түсініктерді, олардың өзіншелік белгілерін меңгеруі тиіс. Мұғаллім оқушылардың алдындағы мұндай қоспалы ауыр, жауапкерлі болған міндеттерді шешу үшін тек оқушылардың материалдарды саналы меңгеріп алуына ерістіру арқылы ғана алдына қойылған мақсатіне ерісе алуы мүмкін.

Оқушыларға мектепке алғашқы келген күннен бастап саналы тәлім-тәрбие алуға үйрету мен, *тыянақты білім алу принціпінде* басшылыққа алып жұмыс орындаймыз. Бұл принціп саналылық принціпі мен тығыз байланысты. Себебі, саналы білім алу - білімді толық түсініп меңгеру, ол үстінде көндігу, оны іс жүзінде қолдана білу деген сөз болса, ал білімді тыянақты иелемей тұрып, оны іс жүзіне асыруы мүмкін емес. Біз оқушыларға тыянақты білім беруді нәзерде тұтсақ, жан - жақтама ойланып, оқушылардың мүмкіншілігін есепке алу мен ғана оқытуымыз, білім беруіміз керек болады. Бастауыш сынып оқушылары тіл құбылыстарына байланысты материалдарды өткен тақырыбы мен байланысты түсінбесе, кейінгі берілуге тиісті материалдарды меңгере алмайды. Бұл сабақтың ізбе-іздігін бузады. Кейбір жағдайда өтілмеген материалдар өтлетін материал мен қосылып кететын жағдайдар ұшырасып отырады. Мұндай жағдайда оқушыларды қыйыншылыққа ұшыратып, үстіртін білім алуға жағдай жасап береміз.

*Түсінікті болыу принціпі* дегеніміз тиісті жас өзгешелігіне, білім дәрежесіне, көндігу мұғдарына, тұрмыс тәжрибесіне, қабыл ете алу мүмкіншілігіне, программалық талапқа сай келетін материалдар мен тәмин етіліп, ол үстінде түсініп жұмыс істей алуын назарда тұтыуымыз керек. Себебі, II сынып оқушысы мен III сынып

оқушысының қабыл ету ұқыбы тендей емес. Сондықтан, осындай айырмашылықты есте тұтып олардың мүмкіншіліктерін еске ала отырып тілдің материалдарын усыныу ғана жақсы нәтиже береді. Тек өтлітін материалдардың теориялық тарапы де, практика істейтін тарапы де оқушының түсініп орындауына сай келсе ғана, олардың белсенділігі пайда болады, ал кезегінде тиісті өзінше жұмыс орындау мүмкіншілігіне жағдай туылады.

*Оқытудың көрсетпелілік принціпі.* Сабақ процесінде көрсетпелілік принціпін іске асыруда көргізбелі құралдарды пайдаланыудың әр түрлі түрлері мен тәсілдерін іске қосуымызға тұра келеді. Әр бір теманың мақсатына, оқу материалдарының характері мен мазмұнына, сабақтың басқышына сай тиісті орындарда тиімді пайдаланып отырған жағдайда ғана жақсы нәтижеге ерісіп отырамыз. Көргізбелік принціпін қәлеген сабақта қолдана беру шәртті емес, ал қыйын деп табылған материалдарды оқушылардың дұрыс, толық меңгеріп алуына жағдай жасау мақсатында ғана басшылыққа алуымыз тиіс. Соның мен бірге оқушылардың белгілі бір тарау бойынша алған білімін ізбе-іздікпен, белгілі бір жұмаққа келу, қадағалау тіл өсіру, әңгімелесу, анализ-синтез тәсілдерін қолданып жұмыс орындаудың барысында қолданамыз.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуда тиімділікке ерісіп баруда және бір басшылыққа алып отыратын дидактикалық принціпіміз - системалылық және ізбе-іздік принціпі болады. Тіл материалдары системалылықты,ізбе-іздікте оқытуды талап етеді. Бұл оқушылардың дұрыс түсіну тыянақты білім алу, оған көндігіп, ол үстінде әр түрлі практика жұмыс орындауынде жәрдем етеді, үиренудің зандылығы да осыған сүйенеді. Мысалы, бастауыш сыныптың әр бір класында тіліміздің фонетикасынан, морфологиясынан және синтаксисы, лексикасынан материалдар үзіп-үзіп беріледі. Бұл оқытудың системалылық, ізбе-іздік принціпіне қарама-қарсы жағдай. Сондықтан мұндай жағдайда да оқытудың системалылығын, ізбе-іздік принціпіне негізднліп іс алып баруымыз тиіс. Бұл үшін мұғаллім программаны басшылыққа

алып, берілуге тиісті білім көлемінен сыртқа кетпей-ақ тұрақты, ізбе-іздік пен оқыту принціпін басшылыққа алып отырса болады. Қазақ тілін оқытуда негізінен жоғарыдағы дидактикалық принціптерді кезек пен қолданбаймыз. Ал оларды бір-біріне байланыстырып отырған жағдайда ғана жұмыстың тиімділігіне ерісеміз.

## Сауат ашу методикасы

### Жоспар:

1. Сауат ашу методтарының тарихы
2. Сауат ашу методикасының психологиялық негізі

**Таяныш түсінік:** Сауат ашу методтары тарихына шолу жасау, әріп методы, буын методы, дыбыстық метод, дыбыстық аналитикалық метод, дыбыстық синтетикалық метод, дыбыстық аналитикалық-синтетикалық метод, бүтін сөздер методы туралы түсінік беру.

### Пайдаланатын әдебиеттер

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Сауат ашу сабағының негізгі міндеті мектепке бірінші рет келген балаларды оқу және жаза білуге үйрету болып есептеледі. Бұл міндетті орындауға әр түрлі жолдар мен баруға болады. Бірақ бізге сабақты қәлеген жол мен өте беруге болады деген түсінік келіп шықпауы керек. Біз бұл жерде оқудың негізгі мақсаты мен міндеттеріне негізделіп отырып жұмысты ұйымдастыруымыз керек. Бірінші сынып балаларын келешек білім алудың негізіне қарай бағдарлаймыз. Негізгі мақсат - оқу мен жазуға үйрету ісіне бағдарланғаннан кейін, алғашқы жұмыс осы бағдарға байланысты болады, кейін ала бұл мақсат тіл өсіру мен ұштасады да, оқыту

методы да осы өзгешеліктерді назарда тұтып қоспалы сыпаттарға бағдарланады.
Кәзіргі күнгі сауат ашу методтары өз басынан ұзақ кезенді өткеріп қалыптасты. Бұлар - әріп, буын, дыбыс, пүтін сөздер методтары негізінде оқу процесінің барысына байланысты қалыптасты. Соңын ала үйрету методы ретінде аналитикалық, синтетикалық, аналитикалық-синтетикалық методтары қалыптасты. Біз енді осы оқыту методтарының тарихына қысқаша тоқтап өтейік.
Әріп методы. Бұл метод бұннан 2000-жылдар бурын Греция мен Римде қолданылған. Бұл Европада XV ғасырдың ортадарынан бастап, XIX ғасырдың екінші жарымына дейән қолданылған, ал Россияда XVI ғасырдың орталарынан, XIX ғасырдың екінші жарымына дейін қолданылған. Бұның негізгі мәнісі алғаш әріпті үйреніп, кейін әріпті әріпке қосып оқыйды. Мұндай жол мен әріпті үйренгеннен кейін жазу ісіне өтеді. Мұндай етіп оқу мен жазуға үйрету бір неше жыл дауам еткен. Бұл әріптер мен буындарды жаттау жолы мен ғана іске асқан. Сондықтан сауат ашу ісі бір неше жылдар дауам еткен. Мұндай оқыту системасындағы қыйындықты болдырмау мақсатында басқаша методтар қолданыу жолын іздеуге негіз салды және бұннан қолайлы деп табылған буын методының пайда болуына алып келді.
Буын методы. Бұл әріп методына қарағанда бір қанша өзгешелікке ие. Алғаш рет мұнда да бір неше әріп пен таныстырылады да, кейін буын принціпіне өтеді. Мұнда әріпті әріпке қосып оқымай, мұғаллім буындарды айтады, оқушылар оның ізінен қайталайды және жаттап қалуға тырысады. Мұнда алғаш рет таныс сөздер үстінде буын бойынша анализдейді. Кейін синтетикалық метод пен сөзді оқыйды. Осындай жаттығулар үстінде орындау мен кейін қысқа сөйлемдерді оқуға өтеді.
Бұл метод әріп методына қарағанда бір қанша қолай метод деп саналды. Себебі, оқушылар буындарды тез жаттап өзлерінің таныс сөздері үстінде іслей алады. Бірақ сөзге буын, әріп бойынша анализ жасалмағанлықтан әріп, буын, сөздердің мәнісин аңғаруға

мүмкіншілік бермейді. Бұл түсінік оқу принціпіне  қарама-қарсы құбылыс болды.
Дыбыстық метод. Бұл методтың негізгі мақсаті, сөздердің Дыбыстарын үйрету және оннан кейін әріптерді үйретій болып табылады. Мұнда Алғаш рет мұғаллім Сөйлем ішіндегі сөздердің Дыбыстарі мен таныстырады. Кейін сол Дыбымтардың әрібін көрсетеді. Оннан кейін таныс сөздерді осы принціпке сүйеніп оқытады, кейін жазуды үйретеді.
Бұл метод алғаш рет XVI әсірде Валентин Икельзамер тарапынанн ұсынылады. Ал Батыс Европаға XVIII әсірдің екінші ярымында таралған. Мұннан XIX әсірдің басдарында Россияға тарайды.
Бұл методты қолланыуда сол кезенде әр түрлі көз-қарастар болды. Кейбір педагогтар сауат ашу кезеңінде сөз, дыбыс, әріпті, оннан буын, сөз құрау принціпіне қарай барса, кейбірлері сөйлеуден, сөз, сөзден буын, дыбыс, әріпті үйрету принціпіне қарай барды, ал үшінші бір топары, екі принціпті араластырып алып барды. Сауат ашуды неден бастау және оны қандай принціптер мен алып бару керектігі туралы көп ғана  пікірлер пайда болды және жумағында дыбыстық аналитикалық метод, дыбыстық синтетикалық метод, ыбыстық аналитика-синтетикалық методтар мен іс алып бару мәселесі келіп шықты.
Дыбыстық аналитикалық метод. Бұл методты сауат ашу кезеңінде былай қолданыу ұсынылды: Бір сөйлем алынады. Соннан сөздер бөлініп алынады. Олар өз кезегінде буындарға  бөлінеді, буын дыбыстарға, әріптерге  бөлініп көрсетіледі. Нәтижеде оқушылар кейбір әріптерді біліп алады.
Мұндай метод пен орындау үшін бір сөйлем үстінде орындауге қанша уақыт кететынлығы белгілі. Әр бір сөз үстінде  бөлек-бөлек орындауға тура келді. Мұнда да тиісті жаттау, көру процестері белсене қатнасады,  түсіну процесі пассив түрде хызмет етеді, Сондықтан тиісті санасының дамуы да пассив жағдайда болды.
Дыбыстық синтетикалық метод. Бұл методтың негізін алғаш рет дыбыстарды үиренуден басталады. Соннан кейін таныс әріптерге қарап дыбыстардан буын, буындардан сөздер жасау принціпіне

өтеді. Дыбыстық синтетикалық методтың негізін салған немец педагогі Генрих Стефани болды. Бұл метод пен сауат ашуға үйрету кейбір дыбыс және әріптер мен таныстырудан басталады. Бір қанша дыбыс және әріптерді үйренгеннен кейін отлардан буын және сөз етіп қосып үирену  талап етіледі.  Осындай әріптер  мен білдірілген дыбыстарды айтып  бару  процесі оқу деп жүргізіледі.

Сауат ашу методтарының анализі

Жоспар:

1. Ескі мектепте оқыту тәсілдері
2. Дыбыс методына негізделген бірінші сабақтық
3. Ескі мектеплерде жазуға үйрету тәсілдері

**Таяныш түсінік:** Жазу тарихында негігі төрт түрлі жазу системасы пиктографиялық жазу,силлабикалық жазу, идеографиялық жазу,дыбыстық жазу туралы түсінік беру.

Пайдаланатын әдебиеттер

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж

2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й

3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Жазба таңбалар кем-кемнен жетілісіп осы кезеңдегі қәлпіне келгенге дейін көп ғана өзгерістерді, дамытуды басынан кешіргендігі мәлім. Дүнья тілдерінде жұмсалып жүрген кәзіргі жазулар сай халықтардың тарихында көп әсірлік мәдени дамыудың жемісі болып табылады.

Жазу адам жәмиетінің белгілі бір дамыу этабында пайда болды. Әлбетте, оның қалыптасуі тілдің және жәмиеттің дамуында үлкен прогрессивтік рол атқарады. Жазу арқылы адамдар өз-ара пікірлер алмасты, хаттар жазысты, келешек әуладтарға насйғаттар жазып қалдырды. Мемлекеттік басқару істерінде жазу кең қолданылды, нызамдар, келісімдер, шәртнамалар, қарарлар, буйрықтар жазу арқылы іске асырылады. Жазу сауда мен өндірістің, ілім мен техниканың, әдебиет пен искусствоның, мәдениеттің кең дамуында айрықша хызмет етті. Осы жазулар негізінде сауат ашу методикалары қалыптасты. Жазуға, оқуға, үйрету сол негізінде сауат ашу методикасы жазудың формасына қолданыу тәсіліне қарай әр заманда әр кыйлы болды. Сондықтан жазу тарихының ең негізгі

этаптарын білу-сауат ашу методикасын жақсы өздестіруге, оны жетілістіре беруге көмектеседі. Жазу тарихында негізінен төрт түрлі жазу системасы болды.

1. Пиктографиялық
2. Идеографиялық
3. Силлабикалық (буын)
4. Дыбыстық (әріп)

## 1. ПИКТОГРАФИКАЛЫҚ ЖАЗУ.

Жазудың тарихында ең алғашқы жазу пиктографиялық жазу болып, оны сурет жазуы депте атайды. Пиктографиялық жазудың үлгілері археолотдар және этнографдар тарапынан іздеп табылып, олар тасқа, сүйекке, жайдың диуалдарына ойып жазылған болады. Пиктограмматарда шектенген һалдағы түсініктер тұтасы мен білдіріледі. Отарда конкрет заттардың суреттері арқылы ой пікір жеке сөздер түрінде конкрет аңлатылмастан, шамалап көрсетіледі. Әр бір таңба конкрет бір сөзді білдіріп тұрмағандықтан пиктограмманы былай «оқыса» да болмаса оннан сәл басқашарақ етіп «оқыса» да болады.

Мысалы аңшы эскимостың күнделігінде ғ адамдар қолдарында аң аулаушы құралы мен көрсетілген және анның терісінің моржының, қайықтың, қостың суреттері ізбе-іздік пен салынған. Бұл сурет арқылы «Адам аңға шығып баратыр, аңның терісін алды, моржы аулады, қайық пен жүріп кетті, қонып шықты» деген мазмұндағы түсініктерді андауға болады.

Пиктрографиялық жазуда жеке сөздер таңбаланбайды, ол тұтас ой-пікір шамалап, сілтеп, дұсмалдап абстракт түрінде білдіретіндігін көрдік. Пиктографиялық жазудың кейбір элементтері кәзіргі жағдайда да жұмсалады. Мысалы сааттың суреті ілдірулі тұрған жер саат дүзететін ұстахана, аяқ-киім ілдірулі тұрған орын аяқ-киімді ремонттайтын орынды андатады.

## 2. ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ.

Жазудың бұл түрінің пайда болуы пиктографиялық жазудан кейінгі кезеңге тура келеді. Идеографиялық жазуда таңбадар енді түсініктердің символы, шәртті белгісі ретінде жұмсалады. Идеографиялық танбаларды түсіну (оқу) үшін алдын -ала ол жайлы мағлыуматқа ие болыу керек. Идеографиялық жазудың кейбір түсініктері кәзіргі фонографиялық жазуымызда да ұшырасады. Мысалы ғ, қ, +, - ж.т. белгілердің әр қайсысы жазуда бір таңба мен белгіленгені мен олардың оқылуы, екі , үш, қосу, алу, түрінде әр қайсысы бір неше дыбыстардың дізбегі мен беріледі. Сондай-ақ бұл

таңбалар әр түрлі дүнья тілдерінде әр түрлі дыбыстық комплекстер арқылы оқылады.
Идеограммалардың өздері де бір қыйлы болмайды. Олардың біраздары тұтас сөздерді андатып, Бұларды тіл білімінде логограммадар деп атайды. Бұған мысал ретінде жоғарыда келтірілген ғ, қ, +, - ұқсаған таңбаларды көрсету мүмкін.
Идеограммадардың екіншілері кейбір морфемаларды андатыу үшін жұмсалады, ондай таңбаларды морфемограммалар деп атайды. Бұған мысал ретіндегі қазақ тіліндегі араб цифрларынан кейін қойылатын -ыншы деген мәніні андататын сызықша белгісін (5-сынып, 3-курс) осындай мақсат үшін жұмсалатын немец тіпіндегі точка белгісі (die 5, keasse .den 3. Kunsus) көрсетуге болады.

## 3. СИЛЛАБОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ.

Жазудың тағы бір түрі силлабографиялық Жазу болып, мұндай жазуда әр бір буын айрықша таңба мен белгіленеді. Солай етіп, шәртті таңбалар олар андататын сөздің дыбыстық тарапына жақынласады.
Силлабографиялық жазу үлгісіне Хіндістанда қолданылатын диванагар жазуы, сондай-ақ тибет, эфион жазулары жатады.
Силлабографиялық жазулардың қатарына Қытай, Япон иероглиф жазулары да жатады.

4. Жазудың ең жетіліскен түрі фонографиялық (Дыбыстық) Жазу. Бұл ауыз екі жанды сөйлеу тіліне ең жақын болып табылады. Бұл жазу арқылы сөздердің фонетикалық (Дыбыстық) составы, грамматикалық құрылысы анық андатылады. Сондықтан да дыбыстық жазу мен жазылған текстті лингвистикалық анализ жасау мүмкін болады.
Дыбыстық жазу бойынша әр бір дыбыстық жіптің (фонеманың) өзінің шәртлі таңбасының болуы сөздерді фонетикалық жақтан бекітілген, ұйымдасқан бір бүтін формада келтіріп тұрады. Тілде ыбыстар оғада көп түрлі. Біз олардың көп түрлі екендігін онша елестіре бермейміз. Жазуда барлық дыбыстарды шәртті таңбалар

мен белгілеп шығыу мүмкін емес. Мұның зәрүрлігі де жоқ. Әдетте жазуда сөздердің мәнісін және формасын өзгертуге себепші болатын дыбыстардың типі болған фонемалардың шәртті таңбалар мен (әріптер мен) белгіленудің өзі дыбыстық жазудың іске асуы үшін толық жеткілікті. Түрлі фонетикалық жағдайлардың себебінен пайда болатын дыбыстық өзгерістер жазуда айрықша таңбалар мен сәулеленеді.

## Сауат ашуда аналитикалық-синтетикалық дыбыстық методы

**Жоспар:**

1. Методтың жалпы түрлері
2. Сауат ашудың тәрбиелік характері
3. Оқушылардың сауат ашуға дайындығын үйрену

**Таяныш түсінік:** Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы негізінен төрт бөлімнен тұрады.Сауат ашудың методикасы, ана тілін оқытудың методикасы,грамматиканы және орфографияны оқытудың методикасы,оқушылардың сөйлеуін дамытудың методикасына ізбе-із шолу жасау.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Қазақ тілін оқыту методикасының үйренетін пәні жастарға тәлім-тәрбие беру процессінде ана тілін жан - жақтама үирену, сол үйренетін пәнінің тиімді жолдары мен тәсілдерін зерттеу мен ұзақ сынаудың жумагының оның тиімді, қолайлы деп табылған жолдарын оқу процессінде практика жақтан іске асырып отыру солай етіп бұлардың тиімді жумақтарын мектеп тұрмысына ендіріп барудан ібарат.

Қазақ тілін оқыту методикасы мұндай оқытудың барысында Бастауыш сыныптарда окыушылардың қазақ тілін жан - жақтама (сауат ашу, тіл өсіру, жазу, оқу, грамматика, фонетика, лексика бойынша) үиренудің, үйренгендерін практикалық жақтан іске асырып барудың анағұрлым қолайлы зандылықтарын істеп шығыу міндетті да жүктеледі. Соның мен бірге ана тілін оқыту методикасы тәлім тәрбие ісіне жәмиет тарапынан қойылып отыратын социалдық талап болған - жастарды жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеп бару, олардың сана-сезімін дамытып отыруда

тиімділікке ерісіп отыратын тиімді прогрессив жолдарын да, тәсілдерін да қарастырып, оны іске асыруға жол-жоба көрсетіп, ісеніп белгілі бір шешім береді, ұсыныстар осынады.

Солай да, басқа жеке пәндердің методикасында-ақ бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы да ғылыми методологияга сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың методтары мен тәсілдерін сол пән бойынша тиімді тәлім-тәрбие көндікпе беру міндетін шешіп баруды өз алдына мақсат етіп қояды. Сонығ мен бірге студент, мұғаллімдердің педагогикалық (методикалық) көз-қарасын, оның педагогикалық (методикалық) ісенімін қалыптастырады және өз қәнігелігіне сүйіспеншілігін келтіріп шыгарады. Қалыптасқан метод, тәсіл, алдынғы методикалық тәжрибелер мен таныстыру арқылы оларды өз істерінде тиімді қолданып барудың жолдарын көрсетеді.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы

а) Тіл туралы ғылыми тәлиматқа

б) педагогика және психологияның тәлім-тәрбие беру системасындағы сыналған теориясы мен практикасына

в) сыныптық педагогтар мен кәзіргі заман педагог, психологтарының ғылыми еңбектеріне,

г) шындықты жақын білудің теориясына сүйене отырып іс алып барады. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы негізінен төрт бөлімнен тұрады

1.Сауат ашудың методикасы.

2. Ана тілін оқытудың методикасы

3. Грамматиканы және орфографияны оқытудың методикасы.

4. Оқушылардың сөйлеуін дамытудың методикасы.

Жастарды әдеп-икрамлылық рухына тәрбиелеу, оларды толық сауатты етіп шығару мұғаллімдердің ең әдулі міндетті. Әсіресе бастауыш мектеп мұғаллімдеріне айрықша жауапкерлі міндет жүктелген. Себебі олар мектеп босағасын жаңа аттаған балаларды оқу-жазуға үйретеді, тілін өсіреді, немесе балаларды бірінші ғылым дүниесіне бастаушы, оларға таныс емес ғылым дүниесінің қапысын

ашушы, ғылым негізінің тырнағын салушы осылар. Себебі ғылым - баланың үйренген бірінші әрібі мен басталады. Баланың келешекте жақсы үлгеріп кетуі, білім негіздерін жан - жақтама өздестіруі, көбінесе осы мұғаллімнің дөретушілік еңбегіне тіккелей байланысты. Мұғаллім баланың алғашқы адымынан бастап оқуға, жазуға деген қызығыушылығын арттырып, өзіне деген ісенімін болдыруы, қыйыншылықтарды қорықпай жеңуге үйретуі тиіс. Егер бірінші күннен бастап баланың оқуға, жазуға деген қызығыушылығы кемісе, өзіне ісенімі болмаса, кездескен қыйыншылықтарды жеңуге ұмтылмаса, онда кейінгі уақыттары бұны дүзетіп, баланы дұрыс жолға салу қыйын болады. Сондықтан да мұғаллім бірінші күннен қарауы керек. Себебі жас әуладтарды тәрбиелеу және олар мен істесу ең қыйын процес. Ол мұғаллімнен көп білімді, тәжрибені тәсілді талап етеді.

«Әріптік» ті оқытудың ең негізгі міндеті - балаларды оқу-жазуға үйрету, олардың тілін, ойын өсіру ең алғашқы дұрыс оқу және дұрыс жазу көндікпелерін болдыру болып табылады.

«Әріптік» ті өту кезеңінде балалар ең алғаш қазақ тілінің әріптері мен танысады, дыбыстардың айтылу тәсілдерін үйренеді, оларды өз-ара біріктіріп, буын, сөз құрастырады, оқыту-жазылу жолдарын өздестіреді. Бұл кезенде балалар сөздердің дыбыстық тән өзгешеліктерін, дыбыстардың жазылыудағы әріптік белгілерін, Сөйлем, сөз, буын, дыбыс, әріп, олардың атқаратын хызметін, өз-ара айырмашылықтарын практика жол мен үйренеді, сөздердің мәнісі мен танысып, сөздік қорын байытады, әдеби тіл нормадарына негізделіп сөйлем құрау, сөйлеу көндікпелеріндамытады. «Әріптік» кезеңінде мұғаллім балалардың сөздерді дұрыс айтыуына, оқуына және «Әріплік» жазуына кеуіл аударып отыруы керек.

Әлбетте «Әріптік» ті өтудің алғашқы кезеңінде көбінесе, айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер алынады, ал бірақ соңына қарай айтылуы мен жазылуы сай келмейтын сөздерде үйретіледі. Сондықтан мұғаллім балалардың жазылуы мен айтылуы сай

келмейтін сөздерді дұрыс қолданып, оны сауатты жазуын бақлап баруы керек.

Кәзіргі дыбыстық аналитико-синтетикалық метод және оның ғылыми негіздері.

Бастауыш сынып оқушыларының сауатын ашу, тез күнде оқу, жазуға үйрету үшін ең рационал істенген, практикада жан - жақтама сыналған, ғылыми дәлілденген сауат ашу методикасы керек. Себебі баланың жақсы оқып, дұрыс жаза алуы басқа пәндерді өздестіруге ең негізгі база болып табылады. Кәзір мектептерімізде балалардың сауатын ашуда дыбыстық аналитико-синтетикалық метод қолданылады. Бұл метод төмендегі белгілер мен характерленеді.

1. Оқу негізінен дыбыстарды практикалық үйретуден басталады, немесе таза үйреніліп атырған дыбыс басқа дыбыстардан бөлініп алынады, жасалуы, буында, сөзде келуі ж.т.б қәсиеттері түсіндіріледі, әріптік белгісі, оның элементтері, жазылуы көрсетіледі, буынға, сөзге біріктіріліп үйренілген дыбыстың дұрыс айтылуы мен жазылуына айрықша кеуіл аударылады. Сондықтан бұл дыбыстық метод деп аталады.

Оқуға және жазуға үйретуде дыбыстық анализ және синтез тәсілдері бірлікте алып барылады.. Немесе сөйлемті сөздерге, сөзді буындарға, буынды дыбыстарға айыру және дыбыстарды буынға, буындарды сөзге, сөздерді сөйлемге біріктіру процессі барлық сауат ашу кезеңінде кең қолданылады. Сондықтан бұл аналитико-синтетикалық метод деп аталады.

1. Оқу және жазу процесстері қатар алып барылады, немесе оқылуы үйретілген заттың жазылуы да қосып үйретіледі.

2. Оқушылардың ақыл-ойының дамуына үйренілген затты саналы түсінуіне, сөздік санасының тіл байлығының өсуіне, айрықша кеуіл аударылады.

3. Республика мектептерінде балаларға білім беріп ғана қоймай, оларды Оатанын, елін сүйуге тәрбиелеиді, психикасын, ойлауын дамытады, адамгершілікке тән қәсиеттерді бойына сіндіреді,

қалыптастырады. Сондықтанда балаларды мектепке бірінші келген күннен бастап дұрыс тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін олардың жас өзгешеліктерін есепке алынып, оны алға дамытудың әр түрлі іламдары істеліп шығылуы тиіс.

Мектепке бару-балалардың тұрмысында үлкен ұақиға. Себебі олардың ойлауына, психологиясына тәртібіне және т.б. үлкен тәсір етеді. Егер бала мектепке келгенге дейін тек ойын мен бәнт болса, енді оқу балалардың ең негізгі еңбек ету процессіне айналады да, Бұл оларға жаңа міндеттер , жаңа қызығыудар, таза толғаныстар пайда етеді. Бұл жағдай олардың оқуға саналы қатнас жасауды, барлық дыққатын, кеуілін соған аударуды талап етеді. Себебі мектепке жаңадан келген балалардың әліде болса дыққаты тұрақсыз, өзгермелі болады. Осыны болдырмау үшін қандай іламдар орындау керек Бұл үшін оқу және жазу сабақтарында оқушылардың активтігін, қызығыушылығын арттыру керек. Ол үшін әр түрлі жұмыстар, жаттығулар, дидактикалық ойындар, (тест, кроссворд жұмыстары) шебер қолданыудары тиіс.

Сабақ уақтында оқушылардың дыққатын тұрақтандыру өзін-өзі басқару ұқыптылығын арттыру, тандау, қабыл ету, ойлау, бақлау көндікпелерін дамыту бағдарында ізбе-із жұмыс алып барылуы тиіс.

Балалар оқу және жазу уақтында, негізінен, сөз бен істеседі. Олар сөздерді еситуі, айтуы, көруі мүмкін. Оқу және жазу көндікпелері балалардың саналы түрде орындауы, ойлауы, сөйлеу тілі негізінде қалыптасады. Олар әр бір әрекетін ойланып, түсініп орындауі тиіс.

Бұл процесстерді атқаруда тіл, есіту, сөйлеу, көру, ойлау уқыптылықтары біргелікте хызмет атқарады. Балалар оқу және жазу уақтында өздері үйреніп жатырған сөздердің мәнісін білу мен бірге олардың элементтерге (буындарға, сөздерге) бөлінетындығын ол элементтердің не үшін керектігін, хызметін практикалық түрде өздестіріп, саналы түрде түсіндіруі және күнделікті жұмыс барысында қолдана алуы тиіс.

Сауат ашу процессінде жастарға тәрбие беру мәселелеріне айрықша кеуіл бөлінеді. Сондықтан әр бір сабақ жоқары сапада өткерілуі

тиіс. Әліппеге дайындық кезеңінде-ақ әр түрлі қызықты суреттер көрсетіліп мазмұны сөйлетіліп, әңгімелер, ертектер өлендер үйретіледі, солар арқылы балалар сыртқы дүнья, тәбият құбылыстары адамдардың еңбегі жайлы алғашқы түсінік алады. Әліппенің әр бір беті осы тәрбиелік характерде дүзілген.

Сауат ашу процессінде, негізінен балалардың ақыл-ойын, ойлау активтігін дамыту, тілін өсіру, сөздерді қысқа сөйлемдерді және аз сөзді тексттерді саналы оқу және жазу көнікпелерін болдыру бағдарында жұмыс алып барылады.

Бұл үшін балалардың әр бір сабақта берілген материалды толық өздестіруіне, әр бір іс әрекетті түсініп орындауына ерісу лазым. Әлбетте, әр бір сабақта оқушылардың қызығыушылығын творчестволық активлігін, ойлауын арттырып жетістіріп отырады. Немесе дауыстап оқыйды және тағы бір өз тілін арттыратындай етіп шеберлік пен ұйымдастрылса ғана жоғарыдағы міндеттерді іске асыруға болады.

Сауат ашу сабақтарында материалды өтудің ізбе-іздігі, системалылығы жеңіл деп ауырға көшу принціпі қатан сақталады. Өтілген материалды беккемдеуде, оқу және жазу көндікпелерін арттыруда берілетін жаттығулардың қызықтылығы әр түрлілігі және олардың системалы рәуіште алмасып берілуі көп пайда келтіреді.

Сауат ашу процессінде оқушылар мен жеке істесу мәселесі де айрықша әқмиетті. Себебі мектепке ақыл-ойының дамуы әр түрлі дәрежедегі балалар келеді. Сондықтан мұғаллім әр бір баланың өзіне тән өзгешеліктерін есепке алып, олар мен жеке істесу жұмыстарын жүргізуі қәжет. Жоғарыдағы міндеттерді іске асыру үшін мектептерде анализ-синтез методының әр түрлі тәсілдері кеңнен жұмсалады. Бұл методтың жәрдемі мен -деген еді К.Д.Ушинский тез оқуды, жазуды үйренеді өзінше жұмыс орындау көндікпелерін болдырады, дыққатын, ойын есте сақтау ұқыбын беккемдейді, санасын шынықтырады, білімге деген қызығыушылығын арттырады.

Сауат ашу кезеңін дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың оған дайындығын үиренуді талат етеді. Бұл үирену август айында,

эттекі оннан алдын да бастанады. 1-сыныпқа келетін оқушы мен әңгімелесу өткеріледі, олардың жалпы білімі анықталады.

1. оқу көндікпесін анықтау:
а) сөзді жүрітіп оқиды,
б) буындап оқиды,
в) әріптеп оқиды (қәте оқу)
г) кейбір әріптерді біледі, бірақ оқуды білмейді,
д) кейбір әріптерді біледі,
2. жазу көндікпесін анықтау:
а) Барлық әріпті жазуды біледі, сөз жазады, (баспа болмаса жазба)
б) кейбір әріптерді ғана жазуды біледі
в) жазуды жалпы білмейді
3.дыбысты анализ етуге дайындығы:
а) сөзді буындарға бөледі,
б) сөз болмаса буындағы дыбысты ажыратады,
в) барлық дыбысты дұрыс айта алады,
г) кейбір дыбыстардыі қәте айтады
4.Ауызекі байланысты сөйлеу. Өленді жаттан оқу.
а) 3 өленді біледі, оны қызығып айтады,
б) 1-2 өленді біледі, айтыуға ұялады,
в) Еш қандай өленді жаттан айтыуды білмейді
5. Ауызекі байланысты сөйлеу. Ертек айту.
а) бір болмаса бір неше ертекті айтуды біледі,
б) ертек айтуға әрекет етеді, бірақ айта алмайды,
в) ертек айтуды білмейді, үиренуге де әрекет етпейді,
6. Ауызекі байланысты сөйлеу. Пікірін баян ету (Суретте нелерді көргендігін айтып беру)
а) 20 сөзден артық байланысты әңгіме, бір неше сөйлем дүзеді,
б) 10 сөзден 20 сөзге дейін, бір неше сөйлем
в) 10 сөзге дейін байланысты жауап
г) 3-4 сөзді қысқа жауап

Бұл үйренілгендер екі вариантта жазылады.

а) әр бір оқушы туралы айырықша мағлыұмат, бұл балаға жеке істесу үшін керек болады.

б) сынып оқушылары үшін жалпы мағлыумат, бұл мағлыуматтан сабақта сынып оқушылары үшін жалпы жұмыстар методикасын таңдауда пайдаланылады.

## Сауат ашу істерінің системасы

## Жоспар:

1. Дайындық кезеңі, оның басқыштары
2. Дайындық кезеңінде оқу процесстерін алып бару

**Таяныш түсінік:** Дайындық кезеңінің мақсаты және міндеттері,оқуға жаңа келген оқушылардың негізгі өзгешеліктері, дайындық дәуірінде программалық талаптар, сауат ашу сабағын құралдандыру.

## Пайдаланатын әдебиеттер


1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж


Әліппеге дайындық кезеңі балаларды оқу-жазуға үйретуде ең жауапкерлі уақыт болып табылады. Сондықтан да мұғаллім бұған айрықша кеуіл аударып жақсы дайындалуы керек. Себебі бұл кезенде мектепке жаңа келген, бірінші қадам тастаған балалардың көпшілігі жақсы сөйлеп, жақсы түсініп, тілді практикалық жақтан қолдана алса да, ал оның құрылысын өзіне тән өзгешеліктерін білмейді, сөйлеу процессін анализдеуге оның составты бөлектерін айыруға күші жетпейді. Әттекі кейбір балалар дәптерлерінің оңы мен солын, сызықтарын айыра алмайды, әріп элементтері мен жақсы таныс емес, қолы жазуға икемдеспеген, кейбірлерінің ой-өрісі, логикалық ойлау дәрежесі, сөйлеу тілі күтә жарлы болып келеді.

Әлбетте кейбір балалар бала бақша және семья тәрбиесінде бір қанша мектепке дайындық жұмыстарын өткеріп те келеді. Бірақ ондай балалар өте аз.

Мұғаллім ең алғаш рет балалардың дыққатын тәрбиелеуі керек. Бұл кезде оның дыққаты тұрақсыз және тез шаршайды, бір сабақта ұзақ шыдап отыра алмайды. Сондықтан мұғаллім сабақты ұйымдастыруда айрықша шеберлік көрсетуі тиіс. Себебі балалар бұрын тек ойын мен болса, ал енді оны мектепте сабақ аумастырады. Әлбетте, олар бұған бірден көндігіп кетпейді. Сондықтан мұғаллім бұл кезенде балалардың сабаққа деген қызығыушылығын кемітіп алмауы үшін, әр түрлі жұмыс түрлерін тез-тез аумастырып, оқушылардың дыққатын әрқашан өзіне тартып, олардың басқа заттар мен шұғылданыуына жалығыуына мүмкіндік бермеуі керек.

Балалар мен мұғаллім сөйлескенде, сөздердің жеке-жеке буындардан тұратындығын түсініп алады. Сөздің буын құрылысын түсіндіруде мұғаллім төмендегі кейбір көмектесу осыдарды қолданса да болады.

1. Сөздің әр буынын қолды сілтеу арқылы белгілеу.

1) Сөздің әр буынын қәлемді столға әстен ұру арқылы белгілеу.

2) Сөздің әр буынын бармақ бүгіп санау арқылы белгілеу.

3) Қолдың сыртын иектің астына қойып, сөздердің буын құрылысын анықтау, себебі сөзде қанша буын болса, ауыз сонша рет ашылады да, иек қолға сонша рет келіп тиеді.

Аналитикалық-синтетикалық дыбыстық методта сауат ашу кезеңі 4 ай дауам етеді. Бұл кезең екі басқышқа бөлінеді:

а) әліппеге дайындық кезеңі (екі апта)

б) әліппе (негізгі) кезеңі 31 декабрге дейін дауам етеді.

Сауат ашу кезеңіндегі сабақтар екі түрлі:

а) «Әріптік» сабақтығы негізінде оқу сабақтары

б) «Жазу дәптері» негізінде жазу сабақтары

Дайындық кезеңінің алдында тұрған негізгі міндеттер - мектепке жаңа келген балаларды мектеп және оның талаптары және

қағыйдадары, оқу ісі, оның міндеттері, мен таныстыру, мұғаллімнің балаларды үиренуі, балалар жәмәәтін дүзу, оқулық, оқу құралдары мен таныстыру, мектепте баланы қоршаған тұрмыс пен таныстыру, тілін өсіріп, сауат ашу кезеңінде жұмыс орындауға дайындау, дыбыс, әріп, сөз, сөйлем үстінде аналитикалық, синтетикалық жұмыс орындауға үйрету, оқушылардың есіту, көру, сезу ағзадарын жұмыс процесіне бағдарланып баруын болдырудан ібарат.

Бұл міндетны екі басқышта іске асыру нәзерде тутылады. Бірінші басқышта балалар «Әріптік» пен танысу, дыбыс, әріп, буын, сөз, Сөйлем, дауысты, дауыссыз дыбыстар, оларды бір-біріне қосу арқылы буын пайда ету, буындарды қосу арқылы сөз дүзу үлгілері мен оқушы танысады.

Бұл кезенде оқушылардың сөйлеуіне, ой-өрісінің, олардың тілінің дамып, дөгерегі және мұғаллім мен қатнас жасай алу мүмкіншілігіне көбірек ітібар беріледі. Себебі, бұл жағдай балалардың жұмыс орындау процесінің дерегі болып қалады.

Сондықтан, мұғаллім жұмыс орындаудың бұл алғашқы басқышына пұхталық пен таярланған болуы тиіс.

Алғашқы сөйлеу процесін өткеру мен бірге, оқушыларды жазу існе де дайындап барамыз. Мұнда алғаш рет, жазу құралдары, оларды ұстап-тұту, пайдалану істеріне кеуіл бөлінеді, қолдарын шынықтырады, отыру, жазуға дайындық, жазу үлгісі, оннан пайдалану жолдары, сызық, туры, кесе, тік сызық т.б. мен танысады, олар үстінде ауызша жұмыс істейді. Кейінгі сабақтарда бұл танысқандарын іске асыру үстінде тұрақты жұмыс орындауға өтеді.

Дайындық кезеңінің екінші басқышында дауысты дыбыстардың есітілуі мен айтылуында өзгешелігі жоқ, жуан дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстар, әріптер мен танысуы және жазу істеріне дайындық көру. Бұл үшін оқушыларды әріп және оның элементтері мен танысу, сызық салып үйрету т.б. Мұндай етіп кейбір дауысты, дауыссыз дыбыстар мен танысу - келешекте оқуға бағдарлап жұмыс орындаудың негізі болып есептеледі.

Дайындық кезеңінде сабақ өтудің негізгі мақсаты сауат ашуға дайындау болып есептеледі. Сондықтан бұл кезендегі сабақтың тіпі, құрылысы бір қанша өзгешеліктерге ие. Сабақтың құрылысы оның дидактикалық мақсатынан келіп шығыуы тиіс. Дайындық кезеңінің дидактикалық мақсаты - дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем үстінде аналитикалық, синтетикалық жұмыс орындау, олардың тілін, сөз байлығын дамыту, жазу-сызыуға үйрету мен байланысты болады. Сондықтан сабақтың құрылысын осыған байланысты дүзу талап етіледі.

Дайындық кезеңінде оқушытардан төмендегі жұмыстар үстінде орындау талап етіледі:

Сөйлеу, сөйлем үстінде орындау. Бұл бойынша оқушылар мен келген күннен бастап жұмыс алып барылады. Оқушылардың көргені, есіткені үстінде әңгімелесу, суреттерге қарап сөйлем дүзу т.б.

Сөз бен істесу. Балалардың тілін, ой-өрісін өсіруде, оқуды үйретуде сөз үстінде орындаудың әқмиеті ұлы. Бұл кезенде оқушылардың сөздік қорына - сөз, дыбыс, буын, дауысты, дауыссыз, әріп, дәптер, парта, қол көтеру т.б.күнделікті пайдаланып отыратын сөздері жие пайдалану сөздік қорына өтеді.

Оқу үстінде жұмыс орындау. Бұл кезенде оқушылар оқу процесін білмегені мен аз да болса ол үстінде жұмыс іслеп жаттығу, көндігу істері мен шуғылданады. Мұғаллімнің оқығанын дыққат пен тындайды, кейбір уақыттарда өздері қосылып оқыйды.

## Сауат ашудың әліппе кезеңі

## Жоспар:

1. Әліппе кезеңі
2. Әліппені оқытудың міндеттері
3. Әліппе  кезеңінде  жазуға үйрету

**Таяныш түсінік:** Әліппені басқыштарға бөліп өту және оның міндеттері,әліппені оқытудың міндеттері және оқушыларды жазуға үйрету жоладры.

## Пайдаланатын әдебиеттер

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда  она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Негізінде әліппені шәртті түрде  төрт басқышқа бөліп өтеміз. Мұндағы негізгі басшылыққа алатынымыз - жеңілден  ауырға қарай деген принціп. Себебі, мектепке жаңа келген балалардың оқу ісіне таныс еместігі, оған көндігуінің, тәжрибесінің  жоқтығы нәзерде тұтылады. Сондықтан, дайындық кезеңінде алған көндігу тәжрибелеріне  сүйене отырып, соның дауамы сыпатында тұрақты түрде іс алып бару ғана жақсы нәтиже береді. Бұл кезенде негізінен бірінші мақсатымыз балаларды  оқу, жазу, сөйлеуге үйрету және сол жұмыстар үстінде жас балаларды тәрбиелеу міндеті тұрады. Бұл былайынша қарағанда оңай іс болып көрінгені мен, негізінде ең қыйын іс ретінде қарап, алғашқы әріп үйретуден бастап балаларды саналы  меңгеріп баруына жағдай  тудыру керек. Бұл үшін алғаш рет айтылуы мен есітілуі арасында өзгешлік жоқ дауысты дыбыстардан, кейін оған қосып сөз дүзуге қолайлы дауыссыз дыбыстардан үйрету нәзерде тұтылады. Бұл кезенде оқытудың негізгі методы - анализ-синтез    болып есептеледі.

Балаларды оқу жазуға уйретуде мұғаллімнің бірден-бір құралы-әліппе. Осы арқылы ол балалардың сауатын ашады, оқу-жазуға

үйретеді, ой-өрісін, тілін, сөздік сапасын байытады. Сондықтан да мұғаллім «Әліппе» кітабының дүзілісін, оның ғылыми негіздерін, әліппе мен істесу жолдарын жақсы білуі шәрт.

«Әліппе» кітабындағы материалдар балаларды саналы, еркін оқу және әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, қысқа тексттерді жазу көндікпелерін болдыру мен бірге оқушылардың ой-өрісін тілін дамыту, олар мен білім және тәрбиелік характердегі әңгімелесулер жүргізу мақсатінде бағындырылған. Әліппедегі суреттер балалардың қойылған сұрақтарға дұрыс жууап беруіне, заттарды құбылысдарды өз-ара салыстырып, топтастыруына заттардың аттарын ойлап тауып, сөйлем құрастыруына байланысты кішігірім әңгіме дүзіп сөйлеп беруіне және жазуына ол материал береді.

Әліппедегі барлық материалдар балалардың жас өзгешеліктеріне, түсінуіне қабыл етуіне сай жайластырылып, ізбе-із берілген және оларды оқушылардың өздестіруінің конкретлік, көргізбелік жағы есепке алынған.

Үйрететін дыбыс және әріп әр түрлі буындарда, сөздердін басында, ортасында және ақырында беріліп, қолданыу тәсілдері кең мысалдар менбекітілген.

Әліппеде қатардағы сөздердің ұйқасымды келуіне және әріп және буын қосу арқылы жаңа сөздер жасау тәсіліне жан - жақтама орын берілген. Мысалы тал-мал, сал-қал, ол-қол, ор-орта, ақ-ақша.

Қатардағы берілген сөздердің буын құрылысының төмендегі текстте ұшырасатын сөздердің буын түрлеріне сай келуіне айрықша кеуіл бөлінген. Бұл жағдай балалардың тексті оншеллі қиналмай оқуына мүмкіндік береді.

Әліппеде байланысты тексттерді көбірек беруге кеуіл бөлініп өтлетін дыбыстың (әріптің) әр түрлі позицияда жие келуі есепке алынған. Мұндай тексттер, біріншіден балалардың байланысты сөйлеу көндікпелерінің артыуына негіз жасаса, екіншіден, тексттердің мазмұнын тұрмыстың әр түрлі тараударынан мағлыумат беріп, білімін көтереді және муғалімгеде тәрбиелік жұмыстарды белгілі бір тақырыпқа байланысты жүргізуіне толық жағдай жасайды.

Кітапта балалардың өзінше ойланып әр түрлі жұмыстарды атқаруына арналған материалдар жие ұшырасады. Мысалы кейбір суреттің астындағы қалдырылып кеткен буындарды ойлап тауып, заттың атын толық оқуы талап етілсе, заттың түрін және атын ойланып табу және олардың түрлерін бір-бірінен айырып көрсету ұсынылады.

«Әліппе» кітабының дүзілуі дыбыстық анализ-синтез методының негізгі принціптеріне толық жуап береді. Мұнда әріптер алфавит тәртібі мен өтілмейді. Себебі балаларға алғашқы уақыттары өздестіру аңсат дауысты және дауыссыз дыбыстар және олардың тамғадары үйретіледі. Дыбыстық анализ синтез методын жақсы түсіну үшін «Ш» дыбысы және әрібіне байланысты өтілген бір сабақты қысқаша баяндаймыз бұл үшін алғаш рет мұғаллім сурет бойынша жұмыс алып барады. Суретте шана айдап жүрген балалар көрсетілген. Оқушылар суретке қарап (балалар шана айдап жүр) сөйлем дүзеді. Оннан соң мұғаллім сөйлемді сөздерге айыртады. «Шана» сөзінің неше буын және неше дыбыстан тұратындығын қандай дыбыстан басталатындығын, оның қалай айтылатындығын түсіндіреді.

«Ш» дыбысы сөздің басында, ортасында және ақырында келетіні сөздер таныстырады.. Шаш, шала, шам, шама, шана, және т.б.

«Ш» дан келетын буындарға буын, әріп қостырып сөз құрастырады ша-ла, ша-ма, ша-на, шаш және т.б. «Ш» әрібінің баспа түріде көрсетіледі. Әр бір бала өздерінің кеспе әліппесінен «Ш» ны табады. Мұғаллім балаларға «шана» сөзін кеспе әліппенің жәрдемі мен құрастыруды үйретеді. Ол үшін жоғарыдағы сөзге анализ істеліп, соң кеспе әліппенің жәрдемінде синтезделеді.

Басқа да сөздерге осы принціп қолданылады. Мұннан сон балалар әліппедегі сөздерді оқуға кіріседі. Екінші сабақта «Ш» ның жазылуы үйретіледі.

Әліппедегі дыбыстардың (әріптердің) буындардың және сөздердің жайласуы жеңілден ауырға деген принціпке негізденгендіктен, алғаш рет балалардың өздестіруіне жеңілдеу дыбыстар (әріптер) буындар және сөздер беріліп, соңына таман қыйынлаудары

орналастырылған. Мысалы әліппенің бірінші беттерінде а, т, л. о, р, н, ш, м, с, к сияқты дыбыстар (әріптер) мен, көбінесе бір және екі буынды сөздер (ат, ата, ота, мал, ор, сал, және т.б) жайластырылған.

Кітапта дауысты дыбыстардың жуандары алдынғы беттерінде, ал жіңішкелері соңғы беттерге орналастырылған. Әсіресе Дыбымтардың бір-бірінен өзгешеліктерін балаларға түсіндіру жұмыстарына кең орын берілген. Бұл жағдай балалардың дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуіне негіз салады және оқу және жазу істерінде қәте-кемшіліктерге жол қоймауына толық мүмкіндік береді.

Әліппені оқу кезеңінде оқушыларды сауатты жазудан да элементар білім алады, адам аттары мен сөйлемдердің бас әріптен басталып жазылатындығына әріп қалдырмай жазуды, сөйлемнің соңына точка қойыуды үйренеді.

Бұл кезенде оқу жұмысын ұйымдастыру үшін оқу процесін әстелік пен, материалдарды кем-кемнен қыйындастырып, ізбе-іздік пен оқу материалының көлемін көбейтіп, оқу, жазу көндікпелерін қалыптастырып, оқыған материалдарының мазмұнын анализдеп баруды тереңлестіріп бару талап етіледі. Ол үшін кәзіргі «Әліппе» кітапдарында оқушылардың сауатын ашу, жазу, оқу және соның мен бірге, оларды бір кезенде тәрбиелап бару үшін тиісті материалдар берілген. Солай етіп, әліппе кезеңінің соңында оқушылар еркін оқый, жаза алатын және текст үстінде жұмыс іслей алатын болуы керек. Бұл тек ғана «Әліппе» кітабы мен шешіледі деп қарамау керек. Бұл кезенде қосымша материалдар мен де істесу талап етіледі. Бұл үшін мұғаллім балалардың өзгешелігін еске ала отырып, қосымша материалдарды дұрыс таярлай білуге ітібар беріп бару керек. Соның мен бірге балалардың дыққатының тұрақсыздығын еске ала отырып және олардың тәжрибесінің азлығын есепке алып, сабақтың көргізбелілік пен алып барылуына айырықша дыққат бөлу талап етіледі. Бұл жағдай оқушылардың әр бір программалық материалды саналы меңгеріп баруына мүмкіншілік тудырады.

## Әліппені оқытудың бірінші кезеңі

### Жоспар:

1. Әліппені оқытудың бірінші кезеңінде оқуға үйрету
2. Әліппені оқытудың бірінші кезеңінде жазуға үйрету
3. Буындарды үйрету

**Таяныш түсінік:** Оқушыларды оқу және жазуға үйрету, ашық , тұйық , қысақ буындарды оқыту жолдары.

### Пайдаланатын әдебиеттер


1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж


Әліппені оқытудың бірінші кезеңінің негізгі мақсат екі әріпті, тұйық, ашық буыннан тұратын сөздерді болмаса буындарды оқуға үйрету. Мұндай етіп оқуға үйрету - балалардың буындап, дұрыс оқи алуының негізін салады. Мысалы, ат, аш, ал, болмаса, на, ла, та.

Ал дыбыстар мен таныстыруда сөздерді бөліп айтып, қалай есітілуін анализ-синтез жасау арқылы таныстырылады. Мысалы, сөздің басында келетін дауысты дыбысты буын ретінде бөліп алып таныстыру - а-на - мұнда бірінші буынды құрап тұрған «а» дыбысы ашық айтылып, тез, іркінішсіз айырып алуға қолайлы жағдай жасап тұр. Сондай-ақ, екі дыбыстан құралған тұйық буын сөзде де ашық есітіледі. Мысалы, ат, аш, ал.

Соның мен бұл жерде дыбыстардың орнын алмастырып, оларды бір-бірі мен салыстырып үйретуге де болады. Мысалы, ат, от, он, ол, ал.

Ал сөз - буын ақырында келген дауысты дыбыстарды айырып үйрету қыйын, себебі сөз - буынның басында келген дауыссыз (на, ла, ша) дыбыс пен қосылып айтылады. Бұл жерде оқушы тек буын түрінде на, ла, ша - болмаса тек дыбыстарды алады. Сондықтан

мұндай буындарды алғашқы кезендері қолданбай, ал кейінірек таныстырса болады. Бұл кезенде көбінесе сөз, буындардағы дауысты дыбыстардың үстінде көбірек жұмыс істеп отыру керек. Бұл үшін алғаш рет буындар беріп, оларды оқыттырып, дұрыс айттырып, олардың бір-бірінен айырмасын таптырып, дауыстыны белгілетіп үйретіледі. Сөз құрастырып үйретуге де, әріптердің орнын алмастырып оқыттырып үйретуге де болады.

| іір дауысты дыбыс пен әр түрлі дауыссыз дыбыстарды қосып оқу | Әріптерді алмастырып оқу | Сөздің алдына, артына әріп қойып оқу |
|---|---|---|
| Ат<br>ал<br>аш | ата<br>ала<br>ана | ат+а<br>т+ал<br>о+та |

Бұл кезенде мұғаллім балалардың саналы оқуына айырықша ітібар беріп бару талап етіледі. Егер оқушы түсініп, болмаса саналы оқымаса, ол кейінгі істерінде де кемшілікке жол қойып, төмен оқитындардың қатарына қосылады.

Кейбір жағдайда мұғаллім өтілген әріптерден оқушылардың өздеріне сөз дүздіріп, айттырып үйретуде де қолданады. Кәзір төмендегідей тәсілдерде қолданылады:

1. Ашық буындарды оқыту - ма, ла, та, то, ла, мо, бу, ту су, қы, зы, ны.
2. Тұйық буындарды оқыту - ат, ал, ар, от, оқ, ос, ұл, ұз, ұқ, ыс, ыз, ын.
3. Қысақ буындарды оқыту - тал, сат, ғам, сот, сом, бол, тол, бұл, құл, шұл, тыр, зыр, ғыр, қыр, т.б.

Буындарды тандау тек өтіп атырған дыбыстарға байланысты болып қалмастан, бұл келесі сабаққа пайдасы тиетін мәніде танданыуы тиіс. Бұл кезендегі барлық жұмыс балалардың буындап оқи алу көндікпелерін келтіріп шығаруға бағдарланады.

Буындап оқығанда дауыстыны бөліп көрсету тәсілін де қолданып отырады. Мысалы, ма - дауысты «а», то - дауысты «о», болмаса мал - дауысты «а», сөзіміз «л» дауыссызына бітеді.

Мұндай жұмыс орындаудың екі тарапты пайдасы барлығын тәжрибе көрсетеді, біріншіден, мұндай қысқа анализ оқушылардың дыққатын әрқашан өзіне тартып, дыбыстар мен танысып отыруына мүмкіндік береді. Мұны оқушылардың дұрыс жазып үиренуіне де пайдасы бар. Себебі, оқушы барлық уақыт сөйлеу арқылы анализ етеді және сол арқылы жазу мүмкіншілігіне де жағдай туады. Екіншіден, әр бір сабақта мұндай сөз - буын үстінде анализ ету, оқушылардың буындап оқу көндікпесін пайда етіп, оның қалыптасып баруына жәрдем етеді.

Ал оқып баратырып дыбыстық анализ жасау - балалардың әріптеп оқуына алып келеді. Сондықтан, дыбыстық анализ ету таза дыбысты үйрету процесінде ғана қолданылуы керек. Мысалы, ата - бірінші буын «а» бурыннан бізге таныс, екінші буын «та» бірінші дыбыс «т», екінші дыбыс «а» - Бұл бізге таныс ал таныс емес дыбыс «т» деп анализ етіледі және оның айтылуы, естілуі, оқылуы мен таныстырылады.

Сауат ашудың алғашқы басқыштарынан бастап-ақ кеспе әріп пен істесу, Сөйлем дүздіріп үйрету, оны талдап, түсіндіріп бару істеріне айрықша кеуіл бөліп қарайды. Мысалы, кеспе әріптер мен істескенде кассадан әріптерді буындап алу тәжрибесін басты деп санайды. Мысалы, Ата ат ал деген сөйлемді анализ еткенде:

- Бұл сөйлемде неше сөз бар
- Бұл сөйлемде үш сөз бар
- Сөйлемдегі сөздерді қандай белгілер арқылы белгілейміз т.б.

Жоқарыдағы айтқанымыздай әр бір әріп үстіндегі жұмыс, саналы, тұрақты, ізбе-ізділік, түсініктілік, тыянақлылық принціптерінің режесіне байланысты алып барылуы тиіс. Оқу алғашқы күннен бастап-ақ мәнерлі оқу нормасының талабына сай алып барылуын талап ету керек.

Әліппені оқытудың алғашқы басқышынан бастап затдардың суреттері, затдардың көріністері, тәбиғат көріністеріне қарап кіші мазмұндама, сұрақтарға жауап, логикалық көндігулер алып барылуы тиіс. Бұл олардың сөйлеу, ойлау процесстерін дамытып барады. Әсіресе, бұл жағдай оқушылардың оқуға деген қызығыушылығын дамытып баруға жағдай тудырады. Бұл кезеңнің айырықшалығы сонда, ол да болса, мектепке жаңа келген балалар әлі мектеп тұрмысына бірден көндігіп кете алмағанлықтан оқу процесін балалардың қалыптасқан тұрмысына жақындастыру. Жұмыс балалардың тұрмысы мен байланысты болыу, ойын, дем алу (физкульт минут), оқу ісі мен араласып алып барылады. Оқудың кейбір элементтері де ойын формасында алып барылады.

Әріптерді өтудің бірінші кезеңі әріптерді өту буындарды оқу және жазуды үйретуден басталады. Ал, қазақ тілінде көптеген сөздер жуан және жеңішке буынды болып келеді. Соның мен бірге аралас буынды сөздерде жие ұшырасады. осылардың ішінен біргелкі жуан буынды сөздерді бірінші кезекте үйрету методикалық жағынан дұрыс болады.

Себебі жуан буынды сөздерді жеңішке буынды сөздерге қарағанда үйрету жеңілірек болады. Сондықтан да бұл кезенде балалар, негізінде жуан дауысты дыбыстар мен дауысты дыбыстардың әр түрлі жуан буындарда бірігіп келу өзгешеліктерін үйренеді.

«Әріптік» те осы принціпке негізделіп бірінші кезекте жуан дауысты А,О,Ы,У, дыбыстары (әріптері) және п,л, т, ш, р, с, у, к, з, б, г, дауыссыз дыбыстары (әріптері) жайластырылған. Жоғарыдағы аты аталған дауысты дыбыстар (әріптер) сөзде жуан айтылып, жуан буындардың жасалуына ауыз кең ашылып, олар созылып айтылады да, ауыздың тарайыуы мен жабылуы дауыссыз дыбысқа келіп бітеді. Бұл процесстерді балалар тез істейді. Олар алғаш рет дауыссыз дыбыстың әрібін қабыл етіп оны созып айта отырып, оң тарапындағы дауыссыз дыбыстың әрібіне келіп тіреледі де, оны тез қабыл етіп, екеуін біріктіріп, оқып жібереді. Балалар ең бірінші күннен бастап тек мәнілі сөздерді оқып, жазып үиренуі керек болса, ол қазақ тілінде екі дыбысты тұйық буынды мәнілі сөздер

көп. Мысалы, ор, ол,  ал және т.б. Қазақ тілі сөздерінің бұл өзгешелігі балалардың алғашқы күндерінен бастап өздері істескен сөздерінің мәнілерін түсініп оқуына және жазуына және ой-өрісін, білімін терендестіруіне алып келеді. Бұл кезенде тек екі дыбысты (әріпті) тұйық буынды дыбыстар мен ғана істесіп қоймай, екі ашық буынды сөздер мен және бір ашық, бір камау буынды сөздер мен істесу талап етіледі. Егер тек тұйық буынды және бітеу буынды сөздер мен істесуге көбірек кеуіл бөлініп келсе, онда балалар сөз бенен буынның айырмашылығын жақсы түсіне алмай қалуы мүмкін. Әлбетте, екі ашық және бір ашық, бір бітеу буынды сөздерді оқуға және жазуға үйрету тұйық буынды үйретуге қарағанда біраз қыйынырақ. Бірақ бұларды оқу және жазуға үйретпей тұрып, балаларда сөздерді дұрыс оқу және жазу көндікпелерін болдыру мүмкін емес Екі ашық буынды сөздерді үйретуде жоғарыдағы тұйық буынды сөздерді негіз етіп алуға болады. Себебі тұйық буынды сөздердің соңына әріп қосу арқылы екі ашық буынды сөздерді жасау жеңілірек таныстан таныс емеске қарай үйретудің ізбе-іздігі сақталады. Мысалы а-а-та, ал-а, -а-ла және т.б. Жоғырада көргеніміздей бұл жерде тұйық буынды сөздің соңындағы дауыссыз дыбыстың кейін жылысуы және сөздің екі буынға бөлініп айтылуы пайда болады. Осының нәтижесінде бұларды үйретуде жаңа қыйындық дөреледі. Бұл жағдайда мұғаллім дауысты дыбыстың буын дөретушілік қәсиеттеріне байланыстырып, практикалық жол мен түсіндірсе де болады, ол буын жасау қәсиеті тек дауысты дыбыстарға тән екендігін салыстыруы арқылы түсіндіру де жақсы нәтижесін береді.

Балаларға жаңадан жасалған сөздерді оқыттырып, олардың тек буынды сөздер екендігіне көздерін жеткереді және жоғарыдағы дауыссыз дыбыстардың сөздің буын құрылысына өзгеріс кіргізбегендігін, тек таза мәнілі сөздер дөреткенлігін түсіндіреді. Ашық буынды сөздерді оқу-жазуға үйретуде де тұйық буынды сөздерді үйреткендегідей тәсіл қолданылады, немесе балалар екі әріпті ашық буынның алғаш рет дауыссыз дыбысының әрібін біраз созыңқырап айтып, оны оң тараптағы дауысты дыбыстың әрібіне

қосып, біріктіріп оқыйды. Әлбетте балалар бұны өте әсте өздестіреді, себебі олар әріптерді біріктіріп оқу және жазу көндікпелерін өздерінде бірден болдыра алмайды. Бұл тек көп жаттығулардың нәтижесінде қалыптасады. Бұл түсінікті де. себебі алғаш рет балалар жеке-жеке әріптердің дыбыстық мәнісін анықтап оннан кейін ғана оларды қосып оқу процессін атқарады. Осы кезенде балалардың әріптерді қосып буын ретінде қабыл-ету көндікпесін болдыру-ең негізгі міндеттердің бірінен есептеледі. Әліппені оқытудың бұл басқышында балаларды асықтыруға болмайды, ал әр түрлі анализ-синтез тәсілдерін шыдамлы түрде дұрыс қолданыу арқылы екі әріпті буынды оқу және жазу көндікпелерін балаларда болдыру тиіс.

## Әліппені оқытудың екінші кезеңі

**Жоспар:**

1. Әліппені оқытудың екінші кезеңінде оқуға үйрету
2. Әліппені оқытудың екінші кезеңінде жазуға үйрету
3. Буындап оқуға үйрету

**Таяныш түсінік:** Оқушыларды екінші кезенде оқу және жазуға үйрету, буындап оқу жолдары.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Бұл кезеңнің өзіне тән болған негізгі өзгешеліктері төмендегілерден ібарат:

1. Әліппені оқытудың бірінші кезеңінде жуан дауысты дыбыстар және ашық, анық айтылатын дауыссыз дыбыстардан құралған ашық, тұйық, бітеу буынды сөз, буындарды оқып, жазып үйренген болса, енді бұл басқышта жіңішке дауыстылар, өтілген

дауыссыздар және жаңадан п, й, ж, у, н, һ, қ, г дауыссыздарынан құралған сөз - буындарды оқып үйренеді.
2. Бірінші басқышта айтылуы мен есітілуінде өзгешелігі жоқ сөз, буындарды оқыған болса, мұнда жіңішке буындар мен де істеседі, кейбір есітілуінде айырмашылығы бар дыбыстар үстінде де жұмыс істенеді.
3. Бұрын бір, екі буынды сөздер үстінде істескен болса, енді үш, төрт буынды сөздер мен де істеседі.
Аз да болса оқу тәжрибесінің топтаныуына байланысты, бурынғы үйренгендерін енді үйренетін дыбыстар мен аралас қолданыу, оларды бір-біріне салыстырып көру, үйренгендерінің негізінде енді үйренетін дыбыстарын қолданыу, алмастырып қолданыу арқылы отардағы айырмашылықдарға тез түсініп барады. Бұл үшін мұғаллім алғаш рет үиренуге тиісті дыбысты таныстырады.
Оқушылар алғашқы кезендерде үш дыбыстан тұратын буындарды оқуға қыйналады. Екі әріпті буындарды оқып үйренгеннен кейін үш әріпті буынды - ма-л деп бөліп оқуға тырысады. Сондықтан мұғаллім қадағалай отырып, Бұлардың тұтас айтылуына көндіктіріп жіберу керек. Бұл үшін үйренген буындарын негіз етіп алып, соған үйлестіріп оқуды басшылыққа алу керек. Мысалы, ма-ла, мал, ора-о-рақ, алма-ал-мас, сама-са-мал т.б.
а) ашық буынды сөзге дауыссыз дыбысты қосып оқыту: ба-бар, па-пал, бо-бол, по-пол, бұ-бұл, пұ-пұл т.б.
б) тұйық буынның алдына дауыссыз дыбысты қосып оқыту. Мысалы: ол-мол, ал-тал, ұр-нұр т.б. Мұндай жағдайда оқушылардың тұйық буын үстінде алған көндігуі жәрдем етеді.
в) буыннан тұратын сөздерді алып, оның алдындағы болмаса ақырындағы дауыссыздарды алмастырып, басқа буыннан тұратын сөздерді дүздіріп, олардың құсастығына қарай оқытып үйрету. Мысалы: пал-сал, мал-тал, бар-пар, тай-сай т.б.
г) буыннан тұратын сөздердің ортасындағы дауысты дыбысын алмастырып оқытуға жаттықтыру. Мұндай жағдайда дауыстыны күштәрек айттырып оқыту. Мысалы: сай-сой, тай-той, су-сау, тес-тіс, көл-кел, күн-түн т.б.

д) ашық болмаса бітеу буын сөздердің алдыңғы болмаса кейінгі әрібін өзгертір оқыту. Мысалы: мал, сал, қал, тал, пал, бар, бас, бат т.б.

Бұл кезенде үйренілетін әріптер әр түрлі сөздер мен қосылып үйретілетін болғандықтан, сөздердің мәнісіне көбірек ітібар беріп, оқушылардың мәнісіне түсініп баруына жәрдем етіп отыру керек.

Қайсы кезенде оқытып атырғанымызда да салыстыру, анализ-синтез тәсілін белсене қолданып отыруымыз тиіс. Бірінші кезендегідей бұл кезендеде оқушылардың тіл байлығына айрықша кеуіл бөлінеді, сабақ тек көрсетпелілік пен ғана тиімділікке ерісе алады. Сондай-ақ Бұл кезендің өзгешелігінің бірі - байланысты сөздер үстінде де жұмыс істеп отыруға тура келеді. Сондықтан, бұл кезенде көбінесе байланысты сөйлеу, сұрағындағы байланысты жауап беру, қысқа мазмұндарын сөйлеп беру жағына көбірек ітібар беріп, оқу көндікпесі мен тіл байлығының, ой-өрісінің дамуына ғамхорлық жасап отыруымыз бен, оқушылардың дыққатын, інтасын, іскерлігін тәрбиелеп та баруымыз керек.

Әріптерді өтудің екінші басқышында жіңішке дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың бірігуінен жасалған жіңішке буынды сөздердің оқылуы және жазылуы үйретіледі. Егер осы уақытқа дейін балалар тек жуан буынды сөздер мен танысып дауыссыз дыбыстардың жуан дауысты дыбыстардың ынғайы мен жуан айтылуын өздестірсе, енді дауыссыз дыбыстардың жеңішке дауысты дыбыстар мен бірігіп, жеңішке айтылуын үйренеді. Әлбетте, бурын дауыссыздарды жуан айтып үйреніп қалған балалар бұған бірден көндігіп кете қоймайды.

Сондықтан оларды жеңішке айттырып үйретуде біраз қыйыншылық көреді. Әлбетте балалардың күнделікті сөйлеу тілінде жеңішке буынды сөздер көп кезлеседі. Бірақ ол сөздерді балалар тездестіріп айта береді. Мысалы ер. ес, үй, жүз, мә, дәм, дене, шөже ж.т.б.

Бұл кезендегі «ү, і» дауысты дыбыстары бірінші кезенде өтілген «ұ, ы» дауысдарындай қысылыңқырап айтылады, келте қайрылады, созып айтыуға келмейді, кейбір уақыттары сөзде анық айтылмай, гүңгірт есітіледі, әттекі сөйлеу тілінде «і» Дыбысы түсіріліп айтыла

береді. Ал «ү» дыбысы сөйлеу тілінде соңғы буындарда кездескендігі мен, жазуда тек бірінші буында ғана қолданылады. Ал қалған жерлерінде «ү» есітілгендігі мен «і» ні үйреткенде оның тек сөздің бас позициясында келген моменттеріне негізделіп жұмыс алып бару керек. Мысалы ү-кі, үй-рек, үш, үз, сүт, үлкен, үн және т.б «ү» нің «ұ» дан айырмашылығын көрсету үшін, Мысалы, ұш-үш, ұн-үн, сұр-сүр ж.т.б сөздерді салыстырып айтылыу өзгешелігін көрсету керек. Ал «ү» нің сөз сонында айтыуда қолданғандығы мен жазуда ескертілмейтіндігі практикалық жол мен, немесе жазып көрсетіп және әліппеде жазылғандарға айрықша кеуіл аударып үйретуге болады.

«і» ні өткенде мұғаллім оның анық есітілетін сөздерін теріп алу керек болады.

Мысалы  і-ні, і-сі,  және т.б. Бұларда «і» дыбысы анық айтылады және өз алдына жеке буын болып тұр. Осы арқылы мұғаллім «і»нің буын дөретудегі хызметін жақсы түсіндіре алады. Оның және де толықтыру үшін жеңішке буынды сөзді тартым жалғауының 3-бетіне қойса, сөз сонындағы «і» дыбысы анық есітіледі және сөзде және буын жасалуына себепші болады және балаларға «і» дыбысынын буын жасаушылық қәсиетін үйретуде ең қолайлы материал болып табылады. Бұл үшін «ы» дыбысын үйреткендегідей екі схеманы қолданыу керек.

«Е» дауыстысын алғашқы уақыттары өз алдына кейбір буын болып сөздерден (е-кі, е-ле, е-не, е-сен) айыртып үйретсе, бір қанша жеңілірек және балаларға біраз түсініктірек те болады. Себебі, біріншіден, ондай сөздер балаларға «е»нің жасалу жолы мен айтылуын үйретуде бірден-бір тиімді материал болса, екіншіден, балалар е-ні үирену арқылы бірінші рет жеңішке дауысты дыбыстын өзіне тән өзгешеліктері мен танысатын болғандықтан, оны қайта-қайта қайталап айтуы  жеңішке дауыстыларды айтыуга сөйлеу ағзадарын көндіктіруі тиіс. Осыдан кейін ғана «е» нің тұйық және ашық  бітеу буындарда келген буындарын үйретуге көшуге болады. Тұйық буындағы «е» ні созыңқырап, 2-ші дауыссызға

біріктіргенде дауыссыз дыбыс «е»нің тәсірінен өзінен-өзі жеңішкеріп айтылады. Мысалы  ер-те, ес-кек, е-тік, және т.б.
Бұл кезенде балаларға сөз ортасында және сөз ақырында қатар келген екі дауыссыз дыбысты (әттекі кейбір жағдайда үш дауыссыз дыбыс қатар келетін жағдайлары да ұшырасады, үйрету бір қанша қыйынырақ. Әлбетте, сөздің ақырында келген екі дауыссыз дыбысқа қарағанда сөздің ортасында келген екі дауыссыз дыбысты оқуда балалар тез өзлестіреді. Себебі олар оқылыуда екі буынға бөлініп кетеді. Ал сөздің ақырында келген екі дауыссыз дыбыстың жағдайы басқашарақ. Олар сөздің ақырында кескін, шорт қайырылып, айтылуында біраз ауырлық сезіледі. Сондықтан да алғаш рет сөздін ортасында келген екі дауыссыз дыбыстың оқылуын үйретуді тағы да қайталай отырып (себебі оны үйрету әліппені үйретудің бірінші этабында-ақ бастанған), сөз ортасында қатар келген біргелкі дауыссыз дыбыстарды үйретуге көшу керек. Әлбетте, балалар біргелкі артикуляцияны қыйналмай орындайды, бірақ олардың біргелкі екі дыбыс екендігіне балалар көпшілік жағдайда кеуіл аудармай, жазуда біреуін түсіріп қалдырады.
Мысалы, қайыққа, атты, мәкке деп жазудың орнына қайықа, аты, мәке деп жазады. Сондықтан балалар мұндай сөздерді қәте жазбауы үшін олар үстінде көбірек жаттығу жұмыстарын жүргізу керек екендігін оқу тәжрибесі көрсетіп атыр. Ол үшін мұғаллім төмендегідей салыстыру таблицасын қолданса болады.

а- ты ----  ат- ты

мә-ке ----- мәк-ке

ма-дар ----- мал-дар

# Әліппені оқытудың үшінші кезеңі

## Жоспар:

1. Әліппені оқытудың үшінші кезеңінде оқуға үйрету
2. Әліппені оқытудың үшінші кезеңінде жазуға үйрету
3. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды  үйрету

**Таяныш түсінік:**Оқытудың үшінші кезеңінде оқу және жазуға үйрету, дауысты ,дауыссыз дыбыстарды үйрету жолдары.

Пайдаланатын әдебиеттер

1. Қ.Пирниязов Баслауыш класстарда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда  она тиіі уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Бұл кезенде я, е, ю, э дауыстыдары мен з, х, в, ч, щ, ц дауыссыз дыбыстары, ъ, ь әріптері мен танысады және бурынғы үйренгендері беккемленіп, оқушылар бұл бойынша көндігулер алып отырады. Үшінші кезеңге ұсынылып отырған дыбыс және әріптердің өзіне тән болған қыйыншылықтары бар. Себебі бұлардың көпшілігі орыс тілінен кірген сөздерде қолданылса, бір қаншасы қоспалы дыбыстар тобы, кейбірі өзіміздің тілімізде де сирек қолданылады. Сондықтан оқушылар мен бұл үстінде жұмыс орындауда бір қанша қыйыншылықтар ұшырасады.

Я, ю, е, э дауыстыларын балалар да өз тұрмысында қолданып жүреді. Бірақ олар бұлардың қандай өзгешеліктерінің бар екенін білмейді.

«Я» әрібі басқа дауыстыларға қарағанда балалардың үиренуі үшін бір қанша жеңіл. Себебі, бұл оқушылардың сөйлеу тілінде  көптеп ұшырасады. Мысалы, сөздің басында (болмаса), я сөздің ортасында (қоян), сөздің ақырында (ұя)  келіп отырады. Сондықтан, алғаш рет оқушыларға таныс сөздердің ішінде келтіріп, алды мен бір буынды, кейін екі буынды, үш буынды сөздердің ішінде келтіріп, буындап

оқу, кейін сөз, сөйлем ішінде келтіру арқылы оқытып баруға болады. Мысалы, ұ-я, яс-лі, а-яқ, та-яқ т.б.
Ю, е, э әріптері көпшілік орында орыс тілінен кірген сөздерде қолданылады. сондықтан алғашқы уақыттары сөздің басында келген жағдайларынан пайдаланыу орынды. Себебі, сөз басында бұлар ашық естіледі. Бұл жағдай оқушылардың дұрыс есітіп, оны дұрыс оқуына мүмкіндік береді. Соның мен бірге бұл жерде балаларға таныс болған сөздер үстінде орындауды пайдалы. Мысалы, этаж, электр, экскурсия, елка, Юсып т.б.
Мұндай дауысты әріптер мен істесе отырып дауыссыз х, в, ф, ч, щ, ц әріптері мен де істесеміз. Бұлар біргелікте алып барылады. Х дыбысы тілімізде, балалардың сөйлеу тілінде де ұшырасады. Бірақ балалар бұның орнына Қ әрібін көбірек қолданып, сөзді бұзып айтыуға жол қойып отырады. Сондықтан Х әрібі мен Қ әрібін салыстырып, олардың айырмашылығын балалардың аңғара білуіне мүмкіндік тудыру керек. Бұл үшін екеуін де сөздің басында, ортасында қолданыуда қандай айырмашылығына қадағалау жасау үшін мысалдар мен көрсетіледі. Х - хат, қ - қол, хабар-қой, пахта-жақсы т.б.
Ал, в, ф, ч, щ, ц әріптері тек орыс тілінен кірген сөздерде ғана қолданылатын болғандықтан, бұларды оқушылардың тез меңгеріп ала қойыуы қыйын. Сондықтан мұғаллім бұлар үстінде көбірек қадағалау жүргізу мақсатында практикалық жұмысты көбірек ұйымдастыруға тура келеді.
Балалар Щ әрібінің үстінде көбірек қыйналады. Бірақ бұл сөздердің басында, ортасында, кейнінде келе беретін болғандықтан және созылып айтылатындықтан ч, ш әріптерінен тез айырып түсінеді. Бұның үстінде жұмыс істегенде алғаш рет оның оқылу, естілу тарапына ітібар беріліп, ч, ш, дыбыстарі мен салыстырып көрсетіліп, отардан қандай өзгешелігі барлығы мұғаллім тарапынан көрсетіледі. Оннан соң ғана оқушылар алғаш рет айтып үйренеді, кейін сөз ішінде келтіріп оқыйды. Мысалы, алғаш рет щет-ка, я-щік, плащ, борщ сөздерін, кейін оларды сөйлем ішінде қолданып үйренеді.

Ал ъ, ь әріптері өз алдына айттырып үйретуге болмайды. Сондықтан белгі сыпатында көрсетіп, әр қайсысын сөз ішінде келтіріп оқу мен олардың сөз ішінде қандай хызмет атқарып тұрғандығы түсіндіріледі және мысалдар ретінде дәлелденіп барылады. Мұнда да тек салыстыру арқылы көрсеткенде ғана оқушылар олардың қандай хызмет атқарып тұрғанын аңғара алады. Мысалы, январь, паль-то, июль т.б.

Бұл кезенде оқушылар бір қанша оқу көндікпелерінде алғандықтан, істенуге тиісті істер кем-кемнен қыйындасып, оқушылардың тәжрибелерінен толық пайдалана отырып, оқудың тиімді методтары мен тәсілдерін қолданып іс алып баруымыз тиіс. Бастауыш сынып балаларының тұрмыс тәжрибелерінің аздығын есепке алып, сабақтың көрсетпелілік принціпіне көбірек сүйеніп жұмыс орындау талап етіледі. Мұғаллім оқудың барысында жұмыстың бір қыйлы болыу тәсілдерінен бас тартыу және оқу, сөйлеу, әңгіме, ойын арқылы іс ж.т.б. түрлерін аралас алып барып, оқушылардың қызығыушылығын, жұмысқа құмалдылығын тәрбиелеп отыруымыз тиіс.

Оқушылар сауат ашудың әліппе кезеңінде мынадай жұмыс көндікпелері мен шұғылданып, оларды меңгеріп отыру талап етіледі:

1. Барлық әріптер мен танысып, олардың бір-бірінен айырмашылығын, ұқсастық тараптарын салыстыру жолы мен көріп, оларды айыра білуге үирену,

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың да бір-бірінен қандай айырмашылықтарын білу, оларды бір-біріне үйлестіріп буын, буыннан сөз дүзіп, оларды керісінше істеп үйреніп оқу көндікпелерін меңгеру,

3. Сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан ыбысты (керісіншеде) анализ-синтез жасай білу, оқуға үирену, оқығанына түсіне білу көндікпелерін алу,

4. Сөздегі жуан, жіңішке буындарды бір-бірінен айыра білуді үирену,

5. Кеспе әліппе, әріп кассадары үстінде жұмыс орындау барысында дыбыстардан буын, буыннан сөз құрай білу көндікпелерін иелеу,
6. Оқу мен бір қатарда жазу көндікпелерін қалыптастыру,
7. Оқудың дұрыс, талапқа жауап беруі үстінде келген күннен бастап көндікпе алады. Сондықтан, дұрыс, саналы, тәсірлі, түсініп оқу көндікпелерін алу,
8. Оқу көндікпесін иелеу мен сөйлем, байланысты сүрелер үстінде, дөретушілік істер мен шұғылданыуына байланысты оқығанын түсіну мен оны айтып беру, сұрақтағыа дұрыс, толық жауап қайтара білу, суреттер бойынша, көрген, есіткендері бойынша әңгіме, қысқа баяндама айтып үирену,
9. Оқу көндікпелерінің барысында кіші көлемдегіөлең, әңгіме, нақыл-мақал, жаңылтпаш, жұмбақтарды жаттап, оны мұғаллімге, жолдастарына, ата-аналарына айтып беру көндікпелерін алу,
10. Әріптерді өтіп болыу мен алфавит үстінде жұмыс істлеп, оны жаттап алу, іс жүзінде қолдана білуге үирену.

Әріптерді өтудің үшінші кезеңінде я, ю, э дауысты әріптер мен х, в, ф, ц, щ,г, дауыссыз және ь,ъ белгілері үйретіледі. Олар өздерінін айтылуы және жазылуы жағынан қазақ тілінде бұрыннан бар түпкілікті сөздердің өзіне тән өзгешеліктері мен айырылып тұрады. Және де тағы бір осы дыбыстар келетін сөздер және терминдер мектеп босағасын жаңа аттаған балалардың өздерін ше «өздестіріп» алған. Немесе оқушылардың тіліндегі мұндай құрамындағы дыбыстар; қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстар аумастырылып қолданылады. Мысалы, балалар машина, трактор, газета, мотоцикл сөздерін машын, болмаса мәшін, газит, трақтыр, матасикл деп айта береді. Сондықтан мұғаллімнің алдына бұл дыбыстарды үйретуде негізінен, екі міндет тұрады. Біріншіден жасалу жолдарын жан - жақтама үйрету, оларда бұл дыбыстарды айтыу және қолданыу көндікпелерін болдыру. Екіншіден, осы дыбыстар келетін сөздер қорын балалардың лексикасында көбейту және бұрыннан барларын қайта қарап шығып, олардың айтылуындағы жіберілген қәте кемшіліктерді дүзету.

Осы басқышта үйретілетін я, ю, і әріптеріндегі дыбыстар бірікпесі оқушыларға жаңалық емес, олар балалар бұрыннан білетін й-а. йа, йы-у, й-о дыбыстарвнвң қосылуынан жасалған. Бірақ жоғарыдағы әріптердің бұл қасиетін оқушыларға айырып түсіндірудің керегі жоқ. Себебі балалар й-а, й-ы-у, й-о бірікпелерін оқып өздестіруден көре я, ю, і әріптерін тез өздестіреді. ю, і, э әріптерін тек сөздің басында келген орындарында ғана үйрету тиімді. Себебі олар Осы жерде сөздің басқа орындарына қарағанда анығырақ есітіледі. Және де айта кететін бір нәрсе, осы әріптер негізінен орыс тілі арқылы кірген сөздерде қолданылады. «йо» бірікпесі және «э» дыбысы түпкілікті қазақ тілінде көбінесе сөз ақырында келеді, бірақ орфографиямыз оларды «ю» мен алмастырмай, жазуға йыу, йу әріптер бірікпесі мен белгіленеді. (байыу, кейу, сүйу, тыйыу, жыйыу)

Сондықтан ю,е,э әріптерін үйретуде орыс тілі аркалы кірген сөздерді мысалға алып, сөздер негізінде жаттығулар өткеруге тура келеді.

Осы жерде мұғаллім өзі келтірген мысалдарының балаларға түсінікті болу жағына айрықша кеуіл аударуы тиіс. Себебі ю, і, э мен келетін орыс сөздерінің кейбірлер балалардың жақсы түсінбеуі мүмкін. Сондықтан бұларды үйреткенде әр түрлі көргізбелі құралдарды жергіліклі шараятқа байланыстыра қолданыу керек. Балалар көзі мен көрген заттарының атдарын жақсы қабыл етеді. «я» әрібін үйрету ю, і, э ге қарағанда біраз жеңілірек. Себебі я әрібі сөздің кез келген орнында анық есітіледі және де айрықша ескертетін бір зат бұл әріп қазақ тілі сөздерінде де жие қолданылады.

Мысалы; Я-қып, я-хұда, ж.т.б. Кейбір уақыттары жұмыс барысында сый, қый, сөздерінің сыя, қыя болып жазылып, сөз соңындағы «й» жаңадан қосылған «а» ның бірікпесінің «я» әрібіне аумасып кететіндігін балаларға практикалық жол мен түсіндіріп кету қажет.

Ал осы жағдайды көрсететін кесте іслеп, оны керек уақтында жие-жие пайдаланып отырса да шеп болмайды. Мысалы

сый-а -сы-я сой-а со-я
қыя-а - қы-я қой-а қо-я
жый-а - жы-я жай-а жа-я

В, Ф, Ц, Ч әріптерін сөздің басында (дауысты) әріптің алдында) келген орындарын үйрету бір қанша қолайлырақ. Себебі олар осы жерде сөздің басқа жерлерінде келгендерге қарағанда анығырақ есітіледі және әсіресе олардың жасалу жолдарын, айтылуы өзгешеліктерін үйретуде біраз жеңілдік сезіледі. Себебі балалар в, ф. ц, ч дыбыстарн тұңғыш рет дұрыс айтыу тәсілдерін (бурын өздері айтып жүрген сөздерге оларды бұзып айтып, қазақ тіліндегі құсас дыбыстар мен алмастырып келген) өздестіреді. Ол үшін балалар сөйлеу ағзадарын в, ф, ц, ч дыбыстарын айтыуға икемдеуі тиіс. Сондықтан в, ф, ц, ч дыбыстарын сөздің басында келген уақтында үйрету өте қолайлы. Себебі мұғаллім осы жерде ауызды в, ф, ц, ч дыбыстарын айтыуға дайындап, соңынан оған дауысты дыбысты қосып айту тәсілін қолданылады. Ол үшін мұғаллім в әрібін тахтаға, балаларға оны айтуға дайындап отыруды ұсынады. Балалар ауыздарын «в» ны айтуға дайындап болғаннан соң, мұғаллім «в» ның оң тарапын «а» ны қояды және екеуін қосып бірден оқуды талап етеді. Нәтижеде балалар «ва» бұынын оқыйды. в, ф, ц, ч дыбыстарының өзіне тән өзгешеліктерін айрықша жақсы түсіндіру үшін оларды қазақ тіліндегі б, п, с, ш дыбыстары мен салыстыру керек.
в б ф п ц с ч ш
вагон бала ферма парта цирк серик чек шек завод шабақ шкаф шөп цех сыр чай шар.
Балалардың өздестіруінде қыйыншылық келтіретін дыбыс (әріп)-х. Себебі қазақ тілінде түпкілікті сөздерде қолданылатын «қ» дыбысы бұл дыбысқа жүдә жақын айтылатындықтан кейде екеуін сөйлеу тілінде, әттекі жазуда да бірінің орнына бірін алмастырып қолданыушылық жие кездеседі, х негізінен басқа тілдерден кірген сөздерде жие ұшырасады, ал қазақ тілінің түпкілікті сөздерінде жұмсалады.

| | |
|---|---|
| жазылуы | оқылуы |
| пароход | параход |
| вокзал | вакзал |
| колхоз,совхоз | калхоз,савхоз |
| самолет | самалет |

Бұл басқышта балалар өздестіруі әдеуір қыйын бұындар (фабри-ка, гра-фин, э-лектр, цирк, экс-ка-ва-тор) мен көп буынды және аралас буынды сөздерді оқыйды және жазады.

Балалар екі дауыссыз дыбыстан (әріптен) басталып келетін буындарды сөзден айыруды және оларды жазуда біраз қыйналып қалады, әттекі қәтеліктерге жол қойыуы мүмкін. Бұл түсінікті де, себебі қазақ тіліндегі түпкілікті сөздерде буындар екі дауыссыз дыбыстан басталып келмейді. Сондықтан орыс тіл арқылы кірген гра-фик, бри-га-да, фа-бри-ка және т.б осындай сөздердегі екі дауыссыз дыбыстан басталатын буындар қазақ тілінде екіге ажырап, арасына ы,і дыбыстары бірігіп айтылады да, олар екі буын сыяқты болып тұрады. Сондықтан мұғаллім ол сөздердің жазылуын тахтадан болмаса көргізбелі құралдардан я «Әріптіктен» көрсетіліп, сөздерде неше дауысты дыбыс бар екендігі анықталып болып, оларды буын құрамына айыру керек. Сонда балалар өздері бұрыннан-ақ сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады деген қағыйданы жақсы білетіндіктен көзі мен көріп тұрған сөздердің буын құрамы (айтылуынша емес) ондағы дауысты дыбыстардың санына қарай дұрыс айырады және жазуда да қәте жіберілмейтін болады. Сол үшін екі дауыссыз дыбыстан басталатын және екі я үш дауыссыз дыбыста аяқталатын буындарды оқушылардың дұрыс өздестіруі үшін буын алдына я ортасына әріп қосу тәсілі кең қолданылады. Мысалы, ра,ла буындарының алдына г,п әріптерін қойса-гра-пла-буындары жасалады, ал отардан мәнілі сөздер жасап оқу үшін қосымша буындар, әріптер косу керек болады.

Мысалы гра-фин,-гра-фин, пла-н, план.

# Әліппеден соңғы кезең

## Жоспар:

1. Әліпппе кезеңінде иелеген білімдерін беккемдеу
2. Әліппеден соңғы кезенде оқушылардың сөз байлығын дамыту

**Таяныш түсінік:** Әліппе кезеңінде алған білімдерін беккемдеу және оқушылардың сөздік қорын дамыту жолдары.

## Пайдаланатын әдебиеттер


1. Қ.Пирниязов Баслауыш класстарда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж


Балалар мектепке келгенде белгілі дәрежедегі сөздік қоры мен келеді. Олар өзінің қатнас жасау мүтәждігін тәмин еткендей мүмкіндігіне ие. Мектепке келу мен әр түрлі тіл құблыстарының үстінде жұмыс істеп, сөйлеу, оқу, жазу істеріне көндігеді. Тәжрибе алады, ой-өрісі дамйды. Дыққаттылық, іскерлік, жәмәәт пен істесу, достық, жолдастық, саналылық, жауапкершілік сезімдері тәрбиелеп бір қанша қалыптасадыі. Әліппеден соңғы кезеңнің алдында екі түрлі мақсат қойылады. Біріншіден, әліппе кезеңінде үйренгендерін негіз етіп алып, ол үстіндегі жұмыстарды дауам етіп, ондағы кеткен кейбір кемшіліктерін түзетіп, программалық талап дәрежесіне көтеру: екіншіден, әліппе кезеңінің талабын жоғары дәрежеге көтереді. Бұл оқу көндікпесін дауам ету мен енді саналы, дұрыс, түсініп, тәсірлі оқудың талабына жауап беру басқышына өту, әліппе мен ана тілінің ортасы деп белгіленеді. Сондықтан бұл кезеңге мұғаллім жауапкершілік пен қарап, бірінші істі алфавит үстінде орындаудан бастайды. Оқушылардың алған тәжрибелеріне сүйене отырып, үйренген әріптерді ізбе-іздік пен қайталап, алфавит үстінде- жаттау, оны іс жүзінде қолданып үирену мен шұғылданады. Мұнда әріптердің мәнілері түсіндіріліп, дұрыс айтыу,оқу жолын және бір рет көрсету алфавит қандай орында

керектігін түсіндіру, солай етіп,мұннан кейін әр түрлі жаттығулар мен түсіндірілгендерді беккемдеу зәрүр. Жаттығу жұмысында сынып балаларының аттарын алфавит тәртібінде жазу, мұғаллім тарапынан берілген сөздерді алфавит тәртібі мен оқып үирену, балаларды, «Әліппе мейрамына» дайындау мақсатында әр баланы бір әріптің ролін атқаруға өткеріп, «орнынды тап» құсаған ойындар ұйымдастыру және т.б. жұмыстарды істеп, алфавитті балалардың жаттан білуіне көндіктіру жұмысын орындау. Бұл жерде жазу мен оқу орын алмасып отыруы тиіс. Мұннан кейінгі жұмыстар байланысты сүрелер үстінде болады. Мұнда қысқа әңгіме, әңгіме, ертек, өлең, жұмбақ, нақыл-мақалдар үстінде жұмыс істенеді. Бұл бойынша әліппе кітабында жетерлі материалдар берілген. Әлбетте тек осының мен ғана шектеліп қалмау, ал мұғаллім тарапынан қосымша материалдарда, сыныптан тыс оқу материалдары да осы кезенде бір-бірін толықтырып, жоғарыдағы ескерткеніміздей, бұл кезендегі істелетін жұмыс- келешекте ана тілін оқуға өтудің алғашқы басқышы деп қарау зәрүр. Егер келешете оқушылардың тиімді жұмыс орындауына ерісуді мақсат етіп алсақ, бұл үстінде жұмыс орындаудың жауапкершілігі және де аса түседі. Сондықтан, мұғаллім уақыт пен есптеспеи бір қанша жұмыс орындауды жобаластырып алуы тиіс. Солай етіп, балаларға берілген материалдардың үстінде оқу, оқығанын түсіну, түсінгенін сөйлеп білу, сөйлемдерді тиісті интонация мен оқый алуға (хабар, сорау, үндеу сөйлемдерді оқу) көндігу ісін басты міндет етіп қойыуы тиіс. Дұрыс, кейбір жағдайда (әсіресе, ауылдық мектептерде балалардың мектепке дайындықсыз келуіне байланысты, программалық талапты орындай алмай қалатын балалар ұшырасады. Мұндай жағдайда мұғаллім олар мен жеке істесу арқылы балалардың кейніне жеткеріп алу үшін ғамхорлық жасауы тиіс. Егер осы кезенде бұл кемшілікті дүзетпесе, ана тілі мен қазақ тілін оқу басқышына өткеннен кейін жұмыс басты болып, төмен үлгеруші балалар мен істесе алмауының нәтижесінде олар үлгермеушілер қатарында қалып қояды.

Бұл кезенде оқу мен бірге жазу ісіне де кеуіл бөліп, әріптерді бір-бірі мен байланысты жазу, толық сөзді, сөйлемді жаза білу үстінде жаттығу мен бірге дұрыс жазу, сұлу, таза жазу істері мен де шұғылданып отырады.

Соның мен бірге, бұл кезеңнің негізгі мақсаттарының бірі етіп-балалардың тілін өсіру ісін қойыу керек. Әлбетте, бұл өз алдына сабақ болып ұйымдастырылмаған мен сабақтың барысында мұғаллімнің бұл жұмыс бәрінің дыққат орайында тұруы керек. Оқушылардың тіл байлығын дамытпай тұрып, олардың келешектегі ісі тиімді болуы мүмкін емес. Бұл үшін оқығандары үстінде әр түрлі жұмыс орындауды ұйымдастырса болады. Мысалы, оқығандары бойынша әңгіме өткеру, сұрақтарға дұрыс, толық жауап беру, оқығаны, көргендері бойынша өз пікірлерін ортаға салып, өзінің көз-қарасын білдіре алу, жолдастарының сөйлегендеріне қысқа пікір айта алу, оларға сұрақ қоя білу, суреттерге қарап қысқа мазмұнда сөйлеу, кіші көлемдегі текстер мен істесе білу, бөлімге бөлу, сұрақтар дүзу және т.б. Әлбетте, бұл жұмыстардың барлығыда мұғаллімнің басшылығында істеліп барылады. Бұл соның мен бірге оқушылардың кішігірім дөретушілік жұмыстарына, затдарды классификация жасай білуге, сөздерді мәністері бойынша классификация жасай білу істерін істетіп, олардың логикалық ойын да іске қосып отыру керек.

Бұл кезенде мұғаллім сыныптан тыс оқу ісіне де ітібар беріп отырады. Бұл үшін мұғаллім оқушылардың оқуы үшін қосымша материалдар ұсынып отырады. Мұның балалар өмірінде жауапкершілікті екендігін және балалардың тәжрибесінің аздығын еске алып ата-аналар мен байланысып, балаларының сыныптан тыс оқуына жәрдем етіп, қадағалап баруын алдын ала ескертіп қойыу орынды. Әлбетте, бұл жағдай мұғаллімнен жауапкершілікті алып тастамайды, керісінше мұғаллім балалардың мүмкіншілігін есепке ала отырып, оларға программа талабына жауап бере алатын материалдар мен тәмин етуге жәрдем береді және қадағалап барады.

Әліппеден соңғы кезең әліппенің жумақтаушы басқышы ғана болып қалмай, соның мен бірге бұл басқыш тиісті өмірінде шешуші де

басқыш. Сондықтан, мұғаллім бұл кезенде балалардың оқу ісін дұрыс, жосбалаастырған түрде, программа талабына сай ұйымдастыра білу тиіс.

## Сауат ашудың негізгі кезеңінде оқушыларды жазуға үйрету

**Жоспар:**

1. Жазуға үйретудің негізгі міндеттері
2. Жазуға үйретуде қолданылатын тәсілдер
3. Жазуды үйрету

**Таяныш түсінік:** Жазуға үйретуде қолданылатын тәсілдер копиялау тәсілі, сызықтар, генетикалық, такіттер болмаса ритмикалық тәсілдер, оқушыларға жазуды үйрету жолдары.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Сауат ашу кезеңінің ішінде оқу мен жазу көндігуін толық үйреніп шығуы талап етіледі. Сондықтан, бұл кезенде оқушылардың алдына жазу көндікпесі бойынша:

1. Жазуға дайындықты үирену - дұрыс отыра білу, жазу құралдары мен танысу және оны қолдана алу, жазуға байланысты болған гигиеналық қағыйдадарды үирену көндікпелерін меңгеріп алу,
2. Әріп үлгісінен бастап сөйлемге дейінгі аралықтағы жазу үлгілерін үирену,
3. Жазуға байланысты көру, есіту, қозғалыс процесстерін иелеу,
4. Мұғаллім тарапынан анализ етілетін әріп, буын, сөз, сөйлемдерді мәнілік жақтан қабыл ету процесстерін үирену,

5. Жазу үлгісінде көрсетілген үлгілерге қарай отырып жазу көндікпелерін алу, ас әріп, кіші әріп, баспа жазударды бір-бірінен айырып, оларды дұрыс жаза білу,
6. Алғашқы кезендердегі әріп жазудан бастап сөзді, екі сөзден, үш сөзден тұратын сөйлемдерді мұғаллімнің басшылығында программаға сай дұрыс жаза білу,
7. Мұғаллімнің айтуы бойынша қысқа сөйлемдерді жазып, оны өзінше тексере алу көндікпелерін иелеу,
8. Өзі тарапынан дүзілген сөйлемдерді жазып, оны үйренгені бойынша тексере алу,
9. Жазуды үирену, оқу мен байланысты екенін еске ала отырып, өзінше айтып отыру арқылы жазу әдетін үирену,
10. Жай жазудан, тез жазуға өту жолдарын меңгеріп бару.

Негізінде де, жазу процесі оқушылар үшін оқыи алу жұмысынан да қыйын, бірақ екеуі бір-бірі мен байланысты. Оқушы сауат ашу кезеңінде төмен оқыса, жазуға үиренуге де қыйналады. Себебі, оқу үшін баланың көп уақты кетеді. Бұл баланың жазуды үиренуіне іркініш береді. Ал жақсы оқыйтын бала жазуды да тез үйрене алады. Сондықтан, бірінші рет баланың оқуына көбірек кеуіл бөліп, оқуды тез меңгеріп алуына мүмкіндік жасап баруымыз тиіс.

Жазуды үйретуде «Жеңілден ауырға қарай үйрету» деген педагогикалық принціпті қолдана алмаймыз. Ал алғаш рет «а» әрібін оқытып үйретуімізге байланысты, қыйын болуына қарамай осы әріпті жазып үйретуден басталады. Негізінде, жазуға қолайлы і, ш, т, о, л әріптері есептеледі. Жазуға үйрету - бұл оқушылардың графикалық көндігуін келтіріп шығару деген сөз. Сондықтан, оқушылар мен осыған байланысты болған көндігу істерінің үстінде тұрақты жұмыс істеп бару талап етіледі.

Жазуға үйретуде қолданылатын тәсілдер. Сауат ашу кезеңінде жазуға үйрету «Жазу үлгісін» басшылыққа алып жұмыс орындаудан басталады. Сондықтан жазу үлгісі сабақ сыпатында пайдаланылып отырылуы тиіс. Бұл бойынша жұмыс істегенімізде - сөзді буындық - дыбыстық анализ, баспа әріп пен жазба әріптерді салыстырып оның құсастық, айырмашылық тарапиарын аңғартып отыру, ондағы

жазылған сөздерді, сөйлемдерді баспа, жазба түріндегісін оқып үирену, жазба әріптерді үлгісі бойынша анализ етіп, оны жазып үйренген әріптеріміз бен салыстырып бару, бұлар бойынша көндігу болдырмау мақсатында әр түрлі жаттығу жұмыстарын өткеру мен жұмыс орындауғе тура келеді. Мұндай жұмыстарға оқушылар көндігіп кеткенге дейин көп ғана қыйналады. Сондықтан, педагогикалық талаптан шығып, жазуды үйретуде оқудың барысында қалыптасқан төмендегі ұсылдарды қолданамыз: педагогика-методикалық әдебиеттерде жазуға үйретуде копиялау тәсілі, сызықтар тәсілі, генетикалық ұсыл, такттар болмаса ритмі тәсілдерін қолданыуды ұсынады. Біз бұл тәсілдерге қысқаша төмендегіше тоқтаймыз:

Копиялау тәсілі. Таяр жазу үлгілері болмаса мұғаллім тарапынан жазған әріп, буын, сөздердің штрихтарының үстінен құры сызып, қолдарын үйрету тәсілі - копировка тәсілі деп аталады. Сыныпта балаларды алғашқы үйрету кезеңінде, үлгермеуші, төмен үлгеруші оқушылар мен алып барылуы тиіс. Кейбір жағдайда мұғаллім оқушылардың дәптерлеріне әріп, буын, сөздердің үлгілерін жазып беріп, оларға соның үстінен құрғақ ручка мен, болмаса қәлем мен жүргізіп, өзінше жазып үйренеді. Мұндай жаттығу олардың жазуға алғашқы көндігуінің пайда болуына мүмкіндік береді.

Сызықар тәсілі. Оқушыларды жазу көндікпесіне үйретуге қолданылатын тәсілдердің бір түрі болып, мұнда дәптер сызықтары мен дұрыс сызыу, әріп үлгілерін сызыу т.б. жұмыстары істеледі. Бұл жұмыстар оқушылардың көзі мен шенлей білу және тегіс жазу ұқыбының пайда болуына жәрдем береді. Мұғаллім алғашқы уақыттары мұндай жаттығуларды көбірек өткеріп баруы тиіс.

Генетикалық тәсіл. Бұл жазуда жеңілден ауырға, алғаш рет құсас әріптерді топтап жазып үирену жолын назарда тұтады. Оқу мен жазу ісі бір-бірі мен байланысты алып барылатын болғанлықтан, оқушыларға қыйын болғанына қарамай «а» әрібін жазудан бастаймыз. Себебі бірінші рет біз «а» әрібін оқу жұмысынан бастаймыз.

Такттер болмаса ритмика тәсілі. Бастауыш сыныптарда көп қолданылатын тәсілдердің бірі. Тез жазуға үйренген әр бір баланың жазуы - ритмикалық жазу болады. Мұның балалардың жазу жағдайы тез пәт пен болады. Ал такттап жазуды оқушылар жазуға үйренгенше қолданылатын тәсіл. Мұнда оқушылар әріптерді элементтері мен бір тегіс пәтте реттестіріп қолданады.

Жазу тәсілдерін тиісті орынтарда нәтижеге тез жете алу мүмкіншілігін еске ала отырып, шеберлік пен пайдаланған жағдайда ғана жақсы нәтижеге ерісе аламыз.

Жазуды үйрету. Сауат ашу барысында оқушыларда әріптерді орфографиялық жақтан дұрыс жазу, сөз ішінде оларды бір-бірі мен байланыстыра білу талап етіледі. Мұнда мұғаллімнің жазуы мен «Жазу үлгісі» дәптері оқушы үшін үлгі болады. Оқуға көндігу ісі мен жазуға көндігу ісі тең алып барылғандықтан жазудың генетикалық принціпі сақталмайды да, оқушы қайсы әріпті үйренгеніне байланысты іс алып барылады. Қыйын болғанына қарамастан сауат ашудың бірінші кезеңінде, бірінші сабақта не үйретілсе, жазуда да осылар үйретіледі. Бұл кезенде оқушы дыбысты қалай оқып үйренсе, жазуды да солай үйренеді. Оқудың тездігі мен жазудың тездігі қатар өсіп барады. Себебі, бала дыбысты оқып отырып жазады. Ал тез оқып үйренбеген бала оқуға көп уақыт жібереді де, жазудың барысында кейін қалып қояды. Сондықтан, алғашқы сабақтардан бастап оқушылардың тез, саналы, дұрыс оқуына көбірек ітібар беру керек.

Жазу барысында да аналитикалық-синтетикалық әрекеттер істеліп, алғашқы кезенде копиялау тәсілін көбірек қолданыу мен әріптерді графикалық жақтан дұрыс жазуға ізбе-іздік пен үйретіп бару талап етіледі. Бұл үшін:

1. Алғаш рет мұғаллім әріпті қалай жазу жолдарын көрсетеді. Оқушылар мұғаллімнің іс-әрекетіне қадағалау жасайды, «Жазу үлгісі»ндегі жазу мен салыстырып отырады. Мұнда алғаш рет баспа әріп, кейін жазба әріп үлгісі көрсетіледі.

2. Мұғаллім істеген жұмысының нәтижесіне балалардың қалай түсінгені жөнінде қысқа әңгімелеседі. «Жазу үлгісі»ндегі, кітаптағы әріптерді оқып шығады. Қандай әріп екенін анықтайды.
3. Оқушылар мен жазу құралдарын қалай пайдаланыу, қалай бастау, қалай аяқтау жолы көріліп шығады. «Жазу үлгісі»ндегі әріптің үстінен қәлем жүргізіп көреді, жазу процесін қолданыуға болады.
4. Енді мұғаллім дайындық ісінен жазуға өтеді. Мұғаллім кімнің қалай жазғанын қадағалайды. Кемшіліктері болса көрсетеді. Мұнда үлгі ретінде тахтада болмаса дәптеріне үлгі етіп көрсетеді. Кейбір жазуды меңгере алмаған баланың қасына барып, оның қолын ұстап, жаздырып көрсетуіне де болады.
5. Кейінгі әріпті үйренгенде алғашқы үйренген әріптері мен салыстырып жазуды қолданыу жақсы нәтиже береді. Мысалы, Л мен М, А мен Л әріптерінің құсастықтары есепке алынады.
6. Алғаш рет екі әріптен тұратын сөздерді, буындарды жаздырғанда оларды байланысты жазып үиренуге басшылық ету және оқып отырып жазуға үйретуді есте тұту керек.
Мұнда мұғаллім: сөзге ітібар бер және оқы, есінде сақта, қарамай айт, үлгіге қарап салыстыр, тексер, жазғанынды оқы, - деп ескертіп отыру керек.
7. Оқушылардың жазуды дұрыс меңгеруі мұғаллімнің ізбе-іздік пен жұмыс орындауына байланысты. Алғаш рет әріп, бір буынды сөз, буын, сөйлем системасы мен жазып үйренеді. Мұнда оқушыларға таныс сөздер, айтыуы мен жазылуында өзгешелігі жоқ сөздер үстінде жұмыс істеледі. Кем-кем көндігуінің бір қанша қалыптасқаннан кейін қысқа сүрелер жазуға өтеді.

## Сауат ашу кезеңінде оқуға үйрету

**Жоспар:**

1. Дайындық кезеңі - оқушыларды оқуға үйрету кезеңі
2. Оқушыларды әріп пен таныстыру
3. Оқуға үйретуде қолданылатын тәсілдер және көргізбе құралдар

**Таяныш түсінік:** Дайындық кезеңінде оқушыларды оқуға үйрету, әріптер мен таныстыру және көргізбе құралдардан пайдалану жолдары.

**Пайдаланатын әдебиеттер**


1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985ж


Оқушыны оқый білуге үйрету, олардың танып білу ұқыбын дамыту, тәлім-тәрбие барысындағы олардың іскерлігін қалыптастыру - оқу ісінің негізгі міндетті. Оқу ісіне үйрету - бұл бастауыш сыныптың алдындағы негізгі міндет екендігін көрсете келіп ұлы рус педагогы К.Д.Ушинский былай деген еді: «Бала ұстаздың басшылығында оқуға үйренеді, ал бұл алғашқы тәлім алудың оқудың өзінен де ақмиеттірек болады. Алғаш рет баланы оқуға үйрету, ал оннан соң барып бұл істі оның өзіне тапсыру керек». Бұл бастауыш сынып алдына қойылған - педагогикалық талап бүгінгі күнде де өз ақмиетін жоғалтқан жоқ. Кәзіргі күнде де баланы оқуға үйретіп, кейін өзінше үиренуге жол көрсетіп отыру-тиісті оқу, жазу ісі мен қатнас жасай білуге үйрету деген сөз. Соның мен бірге оқуға балалардың қызығыуыуышылығын тәрбиелеп бару - оқыту ісінің негіздерінің бірі болып есептеледі.

Мектепке келген күннен бастап сабақ-оқушылардың тәлім-тәрбие алудағы негізгі орны. Оны мұғаллім күн талабына лайық шөлкемдестіре алса ғана, оқытуда негізгі білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық міндеттерін іс жүзіне асырып

отыруымызға болады. Сауат ашу кезеңінде сабақтың құрылысы, ондағы істелуге тиісті тәлім-тәрбие ісін мұғаллімнің басқарып отыруы жауапкерлі  іс екенін біз білеміз.

Мектептегі тәлім-тәрбие ісі-бұл бірінші жақтан тиісті, екінші жақтан мұғаллімнің қатнасында ғана шешіліп отырады. Бұл екеуіндегі  інта мен іскерлік бір салаға құйғанда  ғана істің нәтижесі көрінеді. Мұның қайсы тарапынан кемшілік кетсе, ол істің нәтижесіне тәсір етеді. Сондықтан, осы міндеттерден шығып, оқу ісінің алдына мынадай қәнігелік және жалпы дидактикалық міндеттер қойылады:

1. Әр бір сабақтың тәрбиеленушілік сапасының болуы, оның мақсатының  анық болуы, онда қандай әдеп-икрамдылықтың сапасының дамығандығының анық болуы,

2. Оқудың мақсатының анық болуы, балалар не жаңалық біледі, нені үйренеді, қандай көндігуі, білушілігі дамиды, сабақтағы өзінше істей алушылығы, білу, пікір жүріту, ойлауының дамушылығы, тақырыптың аяқталу дәрежесі т.б.

3. Сабақтың өткен, келесі тақырыптар мен байланыстылығы, сабақтың ізбе-іздігі, келешектілігі, сабақтар ішінде, программа ішінде сол тақырыптың тұтқан орны, анық болу,

4. Сабақты өтуге тандалған жұмыс методы мен тәсілінің әр түрлілігі, материал үстінде жұмыс орындаудың варианттық, тандалған методтың оқу ісінің міндеттіне, материалдың сыпатына байланыстылығы, методикалық жетерлілігі, оның  қызықты және ойын сыпатында болуын тәминдеуі,

5. Оқу барысында тиісті мүмкіншілігін, білімін, көндігуін, дамуын есепке ала отырып жұмыс ұйымдастру. Оқушыға жұмыс барысында дифференциаль және жеке қатнас жасау, барлық сабақтың барысында оқушы мен мұғаллім арасында  байланысты сақтау,

6. Оқушылардың мектепте тиімді оқуы үшін оның саналы еңбек істеп үиренуіне жағдайлар жасау, (оқушыны оқу үшін оқуға үйрету),

7. Соның мен бірге, қосымша дидактикалық талаптардың ғылымилық, түсініктілік, көрсетпелілік т.б. принціптеріне сүйене отырып орындау.
Сондай-ақ бұл кезенде оқушыларды жан - жақтама дамытып баруын назарда тұтып, олардың дұрыс, көркем саналы, тәсірлі оқуына ітібар беріп барылады. Оқудың тиімді болып отыруы-оның тілінің дамытып баруына да тәсір жасайды.
Сондықтан оқу мен жазу ісін байланысты алып бару талап етіледі. «Сабақ-педагогикалық процесстің аяқталған бір тұтас үзіндісі, болмаса «Кішкене клеткасы» болады. Онда бір тамшы суға түскен күн нұрының сәулесіне мегзес оның барлық тараптарын сәулелендіріп тұрады.
Сабақ типтері. Балалардың оқуының алдына қанша жалпы міндет қойылған сайын, оларды оқытудың барысы да, әр түрлі, балалардың меңгеруіне қолайлы дәрежеде болуы шәрт. Сабақтың құрылысының бір қыйлы дүзілуі балалардың ойлауын,ісшендігін кемітеді. Ал сабақтың әр түрлі өзгермелі болып дүзілуі оқушылардың  ісшендігін арттырады, жұмыс орындауына қызығыушылық жағдай тұдырады. Мұндай жағдай оқудың тиімділігіне ерісіп отыруына алып келеді. Өтілетін материалдың тар көлемде болуына байланысты сабақтың типтері де сол берілежақ материалдың мазмұны мен көліміне, мақсатына қарай белгіленеді.
а) оқыйтын пәнінің негізіне негізделіп, - оқу сабағы және жазу сабағы,
б) уақтына және оқытудың басқышына, кезеңіне байланысты - дайындық  кезеңіндегі сабақ (әліппеге дейінгі кезең),
в) сабақта жаңа тақырыпты үирену, үйренбеуіне  байланысты - жаңа дыбысты, әріпті үирену, жаңа әріпті жазып үирену сабағы, беккемдеу сабағы
Сабақтың айрықша типін құрайтын қайталау және жумақтау сабағы. Соның мен бірге аптасына бір рет өткерілетін 20 минуттық сыныптан тыс оқу сабағы. Солай  етіп, бұл кезендегі негізгі сабақ - оқу және жазу. Негізінде  де бастауыш сыныптың алғашқы басқышындағы істелетін жұмыстың жағдайына байланысты

практикалық жақтан анализ еткені дұрыс. Ал бастауыш сыныптың дидактикасының белгіленуіне қарағанда бастауыш сыныптардағы сабақтың типтері аралас, болмаса бірлескен сабақ, жаңа материалды үиренуші сабақ, беккемдеу сабақ типі, қайталау-жумақтау сабақ типі, тексеру, болмаса үйренгендерін есепке алу сабақ типі деп қарайды.

## Сауат ашу кезеңінде оқу және жазу сабақтары

### Жоспар:

1. Оқу және жазу сабақтарына қойылатын талаптар
2. Оқу және жазу сабақтарының түрлері
3. Аз комплектті сыныптарда сабақ оқытудың өзгешеліктері

**Таяныш түсінік:** Оқушыларды оқу және жазуға үйрету, аз комплектті сыныптарда сабақ оқытудың өзгешеліктері

### Пайдаланатын әдебиеттер


1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж


Кейбір ауылдық болмаса шаруашылыққа байланысты аз санды ауылдарда балалардың сынып оқушыларының санын толтыра алмауына, орайлық мектептерден алыс болуына байланысты бастауыш сыныптарды біріктіріп екі сынып бір комплект, үш сынып бір комплект, төрт сынып бір комплект болып біріктірілуі мүмкін. Осыған қарай отырып екі комплект мектептерде мұғаллім бір уақытта екі сыныпты ал бір комплектлі мектептерде үш, кейде төрт сынып пен бір мұғаллім жұмыс алып барады. Мұндай комплект сыныптар мен жұмыс орындау кейбір сыныптар мен жұмыс орындауға қарағанда ұйымдастыру жағынан болсын, методикалық жағынан болсын, сабақтың құрылысы жағынан

болсын бір қанша өзгешелікке ие. Солай болса да мұнда істейтін мұғаллімнің алдына қойылатын негізгі педагогикалық талап, бір сынып пен жұмыс істейтін мұғаллім сияқты арнаулы оқу жобасына сүйеніп, программалық материалдарды оқушылардың жан - жақтама саналы иелеуіне ерісу болып табылады.

Бұл міндеттін орынау мұғаллімнің ісінің тиімді болуы балалардың оқудағы өз бетінше орындауына ажыратылған уақытты дұрыс пайдаланып ондағы жобаластырылған жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуі, дидактикалық талаптың бірі деп қаралады. Сондықтан мұғаллім оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру онда тиісті методикалық ұсылдарды қолдана білу алдын ала жобаластыру істерін ойланып күн талабына лайық шешіп отыруы тиіс.

Бұл үшін алғаш рет сыныпты бөлістіру ісіне ітібар беруі орынды. Сыныпты бөлістіруде оқу ісінде тәжрибелі сынып пен тәжрибесі аз сыныпты комплект ету талапқа жауап береді. Себебі комплект сыныптың біреуі тәжрибелі болса ол көпшілік жағдайда өзінше істеп мұғаллімнің тәжрибесі аз балалар мен көбірек істесіп оны үйретіп жіберуге мүмкіндік алады. Екіншіден, тәжрибелі сынып балалары өзінен кіші балаларға үлгі болады және қыйналғанда жәрдем де көрсетіп отырады. Осы принціпті басшылыққа алғанда I-III сынып, II-IV болып комплектті құрайды.

Бұлардың оқу жұмыстарын ұйымдастырудың да өзіншелік өзгешелігі бар. Себебі мұнда екі сынып пен болмаса үш сынып пен жұмыс орындауға тура келіп қалады. Сондықтан мұғаллім көпшілік уақытын тәжрибесі аз болған сыныптар мен істесіп ал тәжрибесі бар сыныпқа өзінше орындауға жұмыс беріледі. Әсіресі I,III сынып пен істескенде алғашқы айтарда үшінші сыныпты екі саат кейін шақыруға тура келеді. Бұл кезенде муаллім бірінші сыныптың балаларын оқу, жазу көндікпелеріне бір қанша үйретіп алады. Өзінше істей алуға үйретеді. Соңынан үшінші сынып пен бірге істесіп кете беруіне болады. Сондай-ақ оқу жылының жұмақлау басқышында да осындай етіп орындау талап етіледі. Себебі Бұл кезенде программалық материал жумақталып белгілі бір ізбе-іздікке салынатын болғанлықтан екі сынып пен бір уақытта істесу қыйын

соғады. Үш сыныпты оқытқанда да ол оқытудың осындай түрінен пайдаланса болады. Соның мен бірге комплект сыныпқа жәнеде бір-бірі мен ақмиеті ұлы. Себебі мұғаллім әр түрлі бағдарда жұмыс істегенінен көре бір бағдарда жұмыс орындау оған да балаларға да қолайлы. Мысалы бірінші сыныпта қазақ тілі болса, үшінші сыныпта да қазақ тілі болып келеді. Бірінші сыныпта ана тілі үшінші сыныпта да ана тілі формасында дүзілгені жақсы нәтиже береді. Себебі балалар бір уақытта бір түрлі жұмыс пен шұғылданады. Мүндай жұмыс орындау мектеп тәжрибесінде жақсы нәтиже беріп отырғанын көруге болады. Екі сыныпты қатар оқытқанда мынадай сабақ типтері болады: а) екі сыныпта да таза материалды үйрету, б) бір сыныпта таза материалды үйрету ал екінші сыныпта беккемдеу қайталау тексеру сабақ, в) екі сыныпта да беккемдеу қайталау ұсаған сабақ типтері көбірек қолданылады. Оқыту методына келсек, бастауыш сыныптағы қазақ тілін оқыту методтарын тәсілдерін қолданып сабақ өтеміз. Мұндағы белсене жұмыс орындау тәсілі өзінше орындау, кітап пен орындау, әңгіме, түсіндіру және т.б болып есептеледі. Сондықтан мұғаллім сыныптың мүмкіншілігін есепке алып, сабақтың типіне программалық материалдардың мақсатына қарай отырып, метод тандауды әдетке айландыру керек. Негізінде қайсы сабақ болмасын оның алдына оқуға үйрету тәлім-тәрбие беру, санасын дамыту тілін өсіру білу мен көндігуін қалыптастыру ұсаған негізгі міндеттер қойылуына байланысты сабақтың құрылысына оны дұрыс ұйымдастыруа айырықша ітібар беріп отыру мұғаллімнің әдулі міндетті. Мұндай жағдай әсіресе комплект сыныптарда керек. Себебі бұл жерде сабақ тек мұғаллімнің ұйымдастырушылық шеберлігіне байланысты ғана тиімдікке ерісіп отыруға болады.

## Сауат ашу кезеңінде оқушылардың сөйлеуін дамыту

### Жоспар:

1. Сөйлем және байланысты сөйлеу
2. Сөздік жұмысы

**Таяныш түсінік:** Оқушыларды сөәлем дүзуге үйрету, сөздік үстінде жұмыс істеу.

**Пайдаланатын әдебиеттер**

1. Қ.Пирниязов Баслауыш классларда қарақалпақ тилин оқыту методикасы, Нөкис, 1993 ж
2. К.Қосимова Бошланғич синифларда она тили уқитиш методикаси, Тошкент, 1995 й
3. С.Қазыбаев Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту, Алматы, 1985 ж

Бала мектепке келгенде белгілі дәрежеде сөйлеудің тәжрибесі, өзінің сөздік қоры мен келеді. Бұл өз төгерегі мен қатнас жасаудың нәтижесінде қалыптасқан. Енді мектепке келу мен балада қатнас жасау жағдайы өзгереді. Бұрын қолданып көрмеген терминдерден пайдаланыуға, қатнастың басқаша түрлері пайда болады. Сондықтан мектепке келген күнінен бастап оның сөйлеуін дамыту міндетті күн тәртібінде тұрады. Дұрыс, бала мектепке келгенде белгілі сөздік қоры мен келетіндігін зерттеудің нәтижесінде анықталған.

Сөйлеу тіліне қойылғандай талап олардың жазба тіліне де қойылады. Әлбетте, алғашқы кезенде сөйлеу тіліне қарағанда жазба тілі әстелік пен дамыйды. Сондықтан алғаш рет жазба тіліне басқаша талап қойылады. Жазуды үирену, әріпті, буын, сөзді, сөйлемді жазу әстелік пен дамып отырады. Бұл кезенде мұғаллімнің қадағалауының астында болады. Әр күні талап қойыуының, үйретуінің жумағында кейин ала көндігіп кетеді.

Оқытудың барысында оқушылардың сөйлеуінде диалог, монолог және т. б. түрлері ұшырасады. Әсіресе, олар оқығанын қайта айтып беру, қадағалағаны бойынша сөйлеп беру, жаттап айтып беру, әсіресе, бұл кезенде көбірек қолданылатын жұмыс түрі суреттер бойынша әр түрлі жұмыс орындау және т. б. Бұл жағдайларда оқушылардың сөйлеу тілінің бір ізбе-іздікке түсіп, дамып баруының негізгі себепшісі болады.

Оқушылардың білімінің дамуы оқудың барысында да іске асып отырады. Себебі әр күнгі оқу жұмысының барысында балалардың сөйлеу тілінің материалдары болған сөйлем, сөз енді анализ объектіне айналып, ол үстінде ізбе-із жұмыс алып барылады. Сондықтан әр күні сөйлем, сөз үстінде жұмыс істеп, оларды анализдеп үйреніп бару, олардың тілінің дамып баруына дерек болып барады.

Оқуға келген күннен бастап олар мен сөз үстінде, оның мәнісі үстінде жұмыс орындау баланың тұрмысында ақмиетті жағдай. Бұл үшін, бірінші кезекте, олардың сөздік қорын байыту мәселесіне ітібар беру талап етіледі. Себебі тиісті сөздік қоры қанша бай болса, оның сөйлеу тілінің өсу дәрежесі де сонша бай болады.

Оқуға келген күннен бастап, сөйлем үстінде жұмыс істеп барамыз. Сондықтан оқушылар мен сөйлемнің әр түрлі дүзілісіне ітібар беруін, бұның жеңіл, талапқа жауап беретіндей түрлері үстінде көбірек практикалық жұмыс істеп баруымыз тиіс. Оқушылардың бұл кезендегі тілінің дамуы көп жағдайдарға байланысты. Әсіресе, олардың ой-өрісін дамыту мен тіккелей байланысты. Соның үшін олардың алды мен ой-өрісінің өсуіне ғамхорлық жасау орынды. Бұл тиісті білім алу, көндігу, алған білімін қолданып үирену мен байланысты. Ол үшін оқушыларға білім беру, ол үстінде көндіктіру, солай етіп, программалық материалдарды меңгеріп баруымыз тиіс.

Сөздік жұмысы. Әліппе кезеңінде кейбір тіл өсіру сабағы өткерілмейді. Ал Бұл жұмыс әліппе кітабындағы берілген әр түрлі мазмұндағы сүуреттер, тексттерге байланысты алып барылады. Оған қосымша мұғаллім сурет, экскурсия диафильм, қадағалау материалдарынан пайдаланып отырады. Әліппе кітабына кіргізілген тексттер сөздігі оқушылардың сөздік үстінде жұмыс орындау мүмкіншілігін қанааттандырады. Себебі, мұнда балалардың, соның мен үлкендердің де күнделік тұрмысына, ісіне, еңбегіне, сондай-ақ табиғатт көріністеріне, жануарлар дүниесіне, ауыл, қала, завод, фабрика, оқу, мәдени істерге байланысты тексттерді өз ішіне алады.

Оқушылардың белгілі тақырыпиағы, болмаса сөздерді топтарға бөлуге байланысты жұмыс істеп, сол бойынша сөздер үиренуі - олардың сол бойынша түсінігін ізбе-іздікке салады. Мысалы, өсімдіктер дүниесі, мектеп және оқу жұмыстары, ойын аттары, жәмиеттік, сиясый атамалар т.б. Мұндай тақырыптар бойынша жұмыс орындау оқушылардың ол бойынша білуін, түсінігін ғана ізбе-іздікке салып қоймай, ал олардың сөздік қорын да байытып барады. Мұндай етіп жұмыс орындауді әліппенің мақсатына байланыстырып алып барылса ғана жақсы нәтийже береді. Мысалы, саяхатқа бару ісін алып қарайық. Бұл да белгілі бір мақсатқа байланысты алып барылады. «Бақта нелер өседі». мақсаты - оқушыларды батаа өсетін өсімдік ағаштары мен таныстыру, үйренген әрібіне көндігуін келтіріп шығару және оқушылардың тіл байлығын дамытуды дауам ету, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен тәрбиелеу және т.б.

Сондай-ақ тиісті тұрмыс тәжрибесіне сүйеніп, түсіндіру арқылы үйрету, сөздерді пайдаланып, сөйлем дүздіріп үйрету, синонимін айттыру мен үйрету және т.б. жолдар мен әр бір сөздің мәнісін, қолданыуын үйретіп баруға болады. Сөз үстінде жұмыс орындау әліппе кезеңінің басты мақсатының бірі. Сондықтан сөзді анализ, синтез ету барысында оқушылардың қабылдау, сезу, көру, еситуін өсіріп бару керек. Бұл бізің жұмысымыздың тиімді болуына мүмкіншілік тудырады.

Сөйлем және байланысты сөйлеу үстінде жұмыс орындау. Сауат ашу кезеңінде оқушылар сөйлем мен де істесіп барады. Сөйлемдерді оқыйды, жазады. Сұрақтарға жауап дайындайды. Сөйлемді анализ етеді. Сөйлем дүзіп үйренеді. Онда қанша сөз барын анықтайды. Қысқа текст пен істеседі. Сөйлемнің не екендігін, оның бас әріптен басталып, кейніне нкте қойылатынын, хабар, сорау, үндеу сөйлемдердің оқылуын, айтылуын үйренеді. Солай етіп, сөйлем туралы алғашқы грамматикалық жай мағлыуматтар мен танысады.

Сауат ашу сабақтарында баланың тілін өсірудің негізгі міндетті - оқығанын сөйлеуінде, суреттерге қарап тұрып, ол жайлы айтып

бергенде, өз-ара сөйлескенде балаларды дұрыс сөйлем дүзуге, әдеби тілдің нормасында сөйлей білуге үйрету. Бұл мұғаллімнің іс жоспарына байланысты алып барылады. Келген күннен бастап, әліппедегі берілген суретке қарап, сұраққтарға жауап беруден бастап, кейін өздері сөйлем дүзу, сөйлеп берудей көндігулер үстінде істейді.

Оқушылардың өзі дүзген сөйлемдерді анализ ету максетінде де орындауға болады. Мұндай жағдайда - мен Азат пен киноға бардым, деген сөйлемді айтса бұл сөйлем неше сөзден тұрады. Бірінші сөз қайсы. Екінші сөз қайсы және т.б. сұрақтар арқылы әңгімелесіп анализ етуге болады. Болмаса, жоғарыда айтылған грамматиканың жеке бөлімдері бойынша да анализ етуге болады. Бұл балалардың бір қанша көндігу алғанынан кейін істенеді.

Әсіресе әліппеде берілген суреттер бойынша ізбе-із түрде сөйлем дүздіріп баруға болады. Мұнда да алғаш рет оқушылар толық емес сөйлемдер мен пікірін береді. Мұғаллім осы толық емес сөйлемді толық сөйлемге айландыртып отыру керек. Мұны мұғаллім «қысқа жауап» «толық жауап» деген терминдер арқылы істетіп барады. Оқушыдан барлық уақытта «толық жауап» талап ете беруге болмайды. Кейбір жағдай да тиісті қысқа жауабына да қанағаттанып отыру керек. Мысалы, диалог, монолог түрінде жұмыс істеген де «қысқа жауап» түріндеде пайдаланады.

Оқушылардың байланысты сөйлеуі бұл тиісті қадағалауы орындауы өздерінің ойлағаны сөйлегені, өлең, қысқа тексттер, бойынша мінерлеп айтып беруі болып есептеледі. Әлбетте мұны іске асыруда мұғаллімнің берген сұрағына, жобасы жетекші орын тұтады. Мысалы, «Гайрат не істеп жатыр. Гайраттың не істеп атырғаны туралы айтып бер. Әліппедегі суретті көрсетіп бала мен қызға өзің ат қойып не істеп жатырғанын айтып бер. Үйіңізде қандай ойын ойнайтыныңыз туралы сөйлеп бер.

Байланысты сөйлеуге үйретуде тақырыптық суреттердің, диафильмдердін ақмиеті ұлы. Байланысты сөйлеуге үйретуде оқушылар мен түсінікті уақыйғалар бойынша істесу керек. Себебі қандай болмасын балаға уақыйға түсінікті болса сонша дәрежеде

бала жақсы айтып бере алады. Соның мен тақырыптар усынып отыруда жақсы нәтиже береді. Мысалы, «Елка», «Қар жауғанда», «Жаз» т.б. Балалардың сөйлеуін дамытуда дидактикалық материалдардың нақыл-мақалдар, жұмбақ, жаңылтпаш, кіші өлендердің орны ұлы. Мұны мұғаллім әліппеде берілген материалдарды үйретудің мақсатында байланысты өзі жыйнастыруы дайындауы тиіс.

Оқушылардың сөйлем дүзіп үиренуінде карточкада жәрдем береді. Оны оқушы оқуды үйренгеннен соң пайдаланыуға болады. Сөйлем үстінде жұмыс орындаудың әр түрлі жолдары бар. Ал мұғаллім балаларға сөйлем дүзудің, сөйлеудің сырын үйрету үшін бұл бойынша жобалы ізбе-ізлі жұмыс істеп отыруы тиіс. Мұндай сөйлем үстінде ізбе-ізді істеп үирену тиісті келешекте дөретушілік жұмыс орындауының негізі болып, олардың баяндама, шығарма, дөретушілік диктант жазуына мүмкінділік дайындайды.

## АЛҒАШҚЫ КЕЗЕНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ШЫҚҚАН Әліппе КІТАПТАРЫНА ҚЫСҚАША (ОБЗОР) ТҮСІНІК.

Алғашқы жылдарда қазақ тілінде оқулық жаза қойғандай ғылыми кадрлар болмады, Сондықтан көптеген мектептер оқытуды программасыз, оқулықсыз алып барды. Ал кейбір мектептерде өзбек, қазақ, түркмен және татар тіліндегі әліппе кітаптары және басқада оқу құралдары пайдаланылды.

Сол уақытта өзінің қалай оқығандығын филология ғылымдарының кандидаты докторы К.Айымбетов былай деп еске алады. «Мектепте оқу құралы жетіспеді бір сыныпта өзбекше «Кітаптар юлдашы» түркменше « Сауға» деген әліппе кітабының ғ-қ данасы болды. Ал кейбіреулерімізде Ташкентте шығатын қазақ тіліндегі «Ақ жол» газетін берді. қ-сыныпка өткенде тәуір-ақ хат таныдық. Бұл ә*ғң-ғө жылдар еді. қ-сыныпта қазақша «тіл құрал» , «Есап» кітаптары көбейіп, әр оқушыға бір-біреуден тиетін болды.

Әсіресе қазақ тілі сабақтарын сапалы жүргізу үшін жергілікті кадрларды дайындау мен бірге, қазақ тілінде оқулықтар дүзу ісі

беккем қолға алынды. Осының нәтижесінде ә*ғө жылы Ташкентте С.Мәжитовтың авторлығында бірінші рет қазақша «Әліппе» және «Едігелер сауаты» басылып шықты.

С.Мәжитовтың оқу құралдары алғашқы рет қазақ оқушыларының өз ана тілінің алфавиті, орфографиясын, халық творчествосы және тарихына тұрмысына тиісті бай материалдарын оқып білуде қолданған бірінші кітаптары болды.

С.Мәжитовтың «Әліппе» кітабы һ0-бет, тіраж ү000. Бұл кітап екі бөлімнен тұрады

1. Әліппе кезеңі.
2. Әліппеден соңғы кезең.

Автор әр бір таза дыбысты (әріпті үйрету) үшін алғаш рет бір буынды, екі буынды сөздерді соңына қарай көп буынды сөздерді, сөз тізбектерін, қысқа-қысқа сөйлемдерді береді.

Мысалы әліппенің қү-қу беттеріндегі «І» ге берілген сөздерді келтірейік ай, бай, тай, май, шай, қай, сай, малақай, оймақ, ит, құймақ.

Осындай сөздердің ғғ сі ірі әріптер мен басылған. Мұннан кейін майда әріптер мен у0 ке жақын сөзден ібарат сөз тізбектері және қысқа-қысқа сөйлемдер жайластырылған.

Әліппеде автор әріптерді орналастырғанда олардың жазылуының ауыр жеңілдігіне, өз-ара бір-біріне ұқсастығына қарамаған. Сондықтан да жазылуы біраз қыйын әріптері(Мысалы қ,п, ж және т.б) кітаптың алғашқы беттерінде берілсе, екіншіден жазылуы біргелкі әріптер (Мысалы «Р» мен «З» «Ж» және «Ш» х.т.б) бірінен-бірі күтә алыс жайласқан.

С.Мәжитовтың «Едігелер сауаты» кітабының көлемі әәө бет, тиражы қө00. Бұл кітаптың дыбыстарды таныстыру бөлімі, негізінен жоғарыда сөз болған «Әліппе» кітабының үлгісінде жазылған. Тек екінші оқу бөлімі біраз өзгеріске ұшыраған. Мұнда оқудың пайдасы жайлы өлендер, әңгіме-мақаладар бар. Бірақ олар әліппедегіге қарағанда көркемлідігі оқытушыларға тәсірлілігі жағынан анағұрлым күшті.

1. 1928-жылы латын графикасы негізінде алфавит қабыл етіліп, сол негізде оқулықтар басылып шықты. Коллективтің авторлығында «Қазақ әліппесі» Қ.Айымбетов және Б.Ералиевтің авторлығында «Едігелер сауаты» және Б.Ералиевтің «Хат таңы» кітаптары өз уақтында халықты ғалаба сауаттандыруда бірқанша жәрдемін тигізген оқулықтар.
2. Айымбетов және Ералиевтің «Едігелер сауаты» және соңғы автордың «Хат таңы» кітаптары үлкен адамдарды оқу жазуға үйретуді мақсат еткен. Жоқарыдағы екі кітаптың дыбыстарды таныстыру принціптерінде айтақаларлықтай өзгешелік жоқ. Екеуінде әр бетке ң, қ, ғ дыбыс (әріп) беріліп, төменіне осыларды беккемдеуге тиісті сөздер жайластырылған. Әлбетте сабақтың адамға қ-ң (әріпті) бірден өзлдестіру оларды оқу жазуды үирену өте қыйын.
3. Ал 1933-жылы осы автордарға Баскаков және басқалардың қосылуы мен Баскаковтың жалпы редакторлауында «Жас өспірім» (әліппе) деген ат пен бұл кітап қайта басылды. Кітапхана дыбыстардың орын тәртібін бір қалыпқа келтіру мәселесінде біраз кемшілік байқалса да. бірақ ондағы балалардың жас өзгешелігін, олардың өздестіру ұқыптылықтарын балаларға таныс және аңсат сөздерден басталғандығын және сөздердің алды-артына таза әріп қосу арқылы сөздерді түрлендіру жолдарын бірқанша дұрыс қолдағандығын үлкен жетіскендік деп айрықша атап өткіміз келеді. Кітапта бірінші рет суреттер пайдаланылған. Олар көбінесе ішінде тазадан үйретілетін дыбысы бар сөздер келетін конкрет заттардың суреттері.

Әліппенің 1931-жылғысы мен ә*ққ жылғысының арасында үлкен айырмашылық бар.

Егер ә*қә жылғы әліппеде конкрет затдардың суреттері тек жеке-жеке статискалы формада алынса, ал ә*ққ-жылғы әліппеде конкрет заттар басқа заттар мен, құбылыстар мен қатнаста, әрекетте немесе динамикалық формада берілген.

4. 1934-1936-жылдар арасында Қ.Ермановтың авторлығында балаларға арналған «Әліппе» кітабы басылып тұрды. Әліппе кітабы

өзінің құрылысы дыбыстардың жайласуы, сөздер және сөйлемдердің берілуі жағынан әдеуір жетіскендіктерге ие. Мұнда ең алды мен дыбыстардың орналасуын белгілі бір жүйеге салуға ұмтылыушылық бар.

Мысалы әліппенің алғашқы беттерінде жуан дауыстылар жайластырылып, соннан кейін ғана жеңішке дауыстылар берілген. Сол сияқты жуан дауыстыдардың жанында тек жеңішке дауыстылар мен ғана бірге келетін дауыссыздардың берілуі (к, г дыбыстары) методикалық және теориялық жағынан да біраз дұрыстыққа келеді.

ә*қһ жылы Н.Дәуқараевтың авторлығын да «Әліппе» кітабы жарық көрді. Мысалы кітапта бурынғы кітаптарға қарағанда біраз сапалы болып, кітапта дауысты дыбыстың жуандары (а. о. у. ы) алдын беріліп женішкелері (е, у. і. о,э) олардан кейін жайласты. Әліппеде балалардың түсінуіне женіл конкрет мәнілі сөздер көбірек берілген. Мысалы: ат, ата, апа, бала, бас, балға, тас сақа, қат, баға, қақ, бағ, арба, қала, мал, доп. от, отақ, таза, қораз, ғаз, қазан, салы.

Орыс графикасына өтуіне байланысты 1940-жылы Қ.Убайдуллаевтың авторлығында жаңадан дүзілген «әліппе кітабы жарық көрді. Осы әліппе кейбір өзгерістер мен 1959-жылға дейін басылып келді.

1950-жылдары әліппенің авторлығына Д.Қайпов қосылды. Нәтижеде әліппедегі кейбір дыбыстардың орын тәртібі алмастырылды, оқу және жазу материалдарына әсіресе суреттерге біраз өзгерістер көргізілді. Мұннан әліппенің сапасы біраз жақсарды. Алғашқы басылуына қарағанда жаңа дыбыстарды үйрету үшін сөздер және сөйлемдер көбейтілді. Әліппенің сауаттылық дәрежесі әдеуір жақсарды.

1961-жылы автордары А.Есемуратов, Ж.Қайырбаев және П.Палуаниязова болған «Әліппе» кітабы мектеп оқулықтарына болған конкурста екінші сыйлық алып баспага ұсынылды. 1961-1962 оқу жылында қазақ мектептерінің бірінші сынып оқушылары осы жаңа әліппе мен сауат ашты.

Әліппе 1964-жылдан бастап көркем суретті болып басылып жатыр.

# САУАТ АШУ КЕЗЕГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Өзбек болмаса халық педагогикасының талабы бойынша сауат ашудың бірінші күнінен бастап-ақ оның тәрбиелік мәнісіне зор кеуіл бөлінуі тиіс. Оқыту мен тәрбие бір-бірінен ажыратыуға келмейтін, тұтас бір процесс болғандықтан, оқытудың тәрбиелік мәнісінің өзі ақыл ой тәрбиесіне жатады.

Сауат ашу кезіндегі оқытудағы басты міндеті оқушыларды сөз бен сөйлегендер оқуға және оны саналы дұрыс оқуға шақыру, сондай-ақ әріп элементтері мен жекеленген әріптерді дүзу жазып, отардан сөздер, сөздерден құрастырып жазуға шақыру болып табылады. Бұл шақыруды қалыптастыру барысында табиғат жайлы адамдардың өмір сүруі жөнінде балаларға мағлыуматтар беріліп, олардың айналадағы заттар мен құбылыстар туралы тсінігі кеңейе түседі. Сондай-ақ сауат ашу кезегінің алғашқы күнінен бастап-ақ күнделікті режім, тазалықтың пайдасы, тиісті міндеті жайында түсінік беру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіледі. Оқу материалдарынан байланыстырылып келтірілген мысалдар балаларды өз Оатанын сүйуге тәрбиелеу, Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік алған күнінен бастап өткен жылдар ішіндегі барлық тараудағы еріскен жеңістері табыстары куанышына келтіруге жүйеде жүргізілуі тиіс. Оатанын сүюге тәрбиелеуде ертегі, көркем әнгіме, өлең, сурет, музыка ж.т.б мазмұндарда ерекше күшті. Осылардың негізінде балалардың эстетикалық толғанысын дамытыуға болады.

Баланың бастаған ісін аяқтап шығу, көздеген ісі мақсатына жету, ұмытшақтық,уақытты дұрыс пайдалану ж.т.б мінез-қулық сапалары да сауат ашу кезегінде тәрбиелеп бастайды. Сөйтіп адамгершілік достық, Оатанды сүю, рухыйлық және ағартыушылық жақтан тәрбие, эстетикалық тәрбие еңбекке үйрету және тағы басқа тәрбие жұмыстарының негізі сауат ашу кезінде-ақ қолдана бастайды.

*КЛАССТА ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ ТӘЛІМ ТӘРБИЕЛІК маңызы және міндеттері.*

**Жоспары:**

1. Класста оқу сабақтарының мақсаты және міндеттері
2. Оқу көндікпелірінің даму сатылары.
3. Оқу сабағында алып барылатын жұмыс түрлері

**Таяныш түсінік:** Класста оқу сабақтарының мақсаты және міндеттері, оқу көндікпелерінің дамуы, оқу сабағында алып барылатын жұмыстар.

Біліммен тәрбие беру ісі, оны дамытып бару негізінде кітаптың жәрдемінде іс жүзіне асырып отырады. Сондықтанда «Кітап білім бұлағы» дейді.

Мектептің негізгі міндеті- оқушыларға білім негіздерін беру деп қарасақ, оқудың білім берушілік, тәрбиелеушілік міндетін шешу үшін мынандай шарттарды шешу міндет етіп қойылады: біріншіден, кітаптан алған білімімен қадағалау нәтижесінен алған әсерлері арасында бір-бірімен байланыстың болуы. Мұның үшін муғалім материалдың сипатына қарай отырып, бірінші рет оқып, кейін қадағалау немесе алғашқы қадағалау жүргізеді кейін оқытады. Кейбір жағдайда білуге тиістіні тек оқу арқалы да меңгеріп баруы мүмкін; екіншіден, оқудың тұрмыс пен байланысты болуы, бұл үшін оқушы оқу дәуірінде алған білімін тұрмыста қолдану немесе тұрмыстағы шындық оқиғаны кітаптағы оқыған уақыясы мен салыстырып көру: үшіншіден берілген материалды оқу арқылы баланың санасының дамытып баруын және ол арқалы сөйлеуін дамытып отыру.

Оқу ісі- оқұшының санасымен тілінің дамуына сәйкес құрылуы шарт . Оқудың методикасы да осы міндеттерді шешу жағдайларына қарай құрылады. Кітаптағы оқу үшін берілген текстер бұл міндеттерді шешу үшін бай материалдардан тұрады. Мұны анализ, синтез жасау дәуірінде оқушылардың санасын дамыту, сөйлеуін дамыту үстінде жұмыс алып барылып ,оларға салыстыру, қортынды шығару және т.б. жаттығыулар жасатып отырылады.

Бастауыш класс үшін программада ана тілінің алдына-ойланып оқи алуға үйрену, кітаппен бірге жұмыс жасай білу, оқушының ой-өрісін, сөйлесуін дамыту, оқуға қызығушылығын келтіріп шығару, әдеби тілімізге сәйкес сөйлей алу және жаза білудиң алғашқы сатыларын үйрету, оқыған материалдарға анализ ете білу, оларды салыстыра білу, классификация жасай алу, оқығандарынан негізгісін ең керектілерін таба білу және ол бойынша белгілі бір ой қортындысына кәлі алуға үйренумен байланысты деп белгіленеді. Бастауыш класста балаларды оқуға өз бетінше істей алуға оған деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін оята білу, еңбек сүйгіштік, ұқыптылық, әрбір іске саналық іспен қатнас жасай алуға үйретіп барудан тұрады. Оқушылардың мұндай ұқыптарын келтіріп шығаруда, оған негіз боларлық үлгі материалдар ана тілінің ішінде берілген шығармаларда ұшырасады.

Ал оқудың мазмұны мен методы-программа көлеміндегі материалдарды саналы, бекем иәліу тіл білімі бойынша білім алу мен оған көндігуін болдыру, отанына, халқына сүйіспеншілігін болдыру мен әдеп-икрамдылық рухында тәрбия беруге байланысты құрылуы керек. Бұл ұшын сабақ тұрмыс шындығы мен ұштасып отырылады.

Қазіргі сабақтықтарда мұндай талапқа жауап бере алатын материалдар көп. Мұны оқыту үстінде шешіп бару мектепте барлық сабақтарға, соның ішінде ана тілінің үстіне де жүктәліді. Әсерлі оқу-балаларда ана тіліміздің грамматикасын, табиғатын оқытудың бір бөлегі. Себебі, сөйлесумізде тіліміздің грамматикалық зандылықтары және идеал образдық тарапы толық сәуләлініп отырады.

Кітапты әсерлі оқу-оқушылардың жалпы дамуына идеалдық, әдеп-икрамдылық, эстетикалық жақтан тәрбие алуына, мәдени сөйлесуіне поэтикалық сезімінің өсуінің әдеби шығармаларды іскусство өнері ретінде қабыл етуіне алып кәліді. Сондықтан оқушыларды кітапты әсерлі оқуға көндіру-муғалімдердің әдулі міндетінің бірі. Мұнан берілген материалдарды әсерлі оқу арқалы

ерісіп отырамыз. Ал әсерлі оқудың алдына негізінде мынандай талаптар қойылады:

1. Оқушы оқуда автордың негізгі ойын тереңнен түсіне білу;

2. Шығармада не суреттәлітін көз алдына, қиялына келтіре алу;

3. Шығарманы оқыған дәуірде алдымызға қандай мақсат қойылып тұрылғанын айыра беру;

4. Тексттегі берілген оқиғаларға өзінің қатнасын анықтай алу;

5. Шығарманы оқуда тындаушыларға оның идеалдық мазмұнын аша білу, олардың оған деген сезімін оята білу және оған өзінің бағасын бере білу;

6. Оқығанда орфоэфиялық норманы сақтай білу мен, оқыған жерін тындаушыларға да анық әсер ете білуін болдыру және т.б.

Осы қойылған талаптарды орындаған жағдайда ғана оқу өзінің негізгі мақсатына жете алады. Себебі, «Әсерлі оқу-бұл әдебиеттен анық көрнекі тәлім берудің алғашқы және негізгі формасы болып, ол бізің үшін әрқандай көрнекіліктен де маңыздырақ болады. Біз көрнекілікті бекерлемейміз, бірақ сөз түсінікті етіп айтылғанда ғана санада орналасып қалудың негізгі методын әсерлі етіп оқу табиғаттың өзі белгілеп берген».

Сондықтан мектептерде көбірек әсерлі оқуға маңыз беріледі. Муғалім бұған тек оқу сабағында ғана емес, ал барлық сабақтарды оқытудың барысында ерісіп отыруы керек.

Әсіресе муғалім оқушылар мен әңгімәліскенде, оқығанда өз сөзіне назар беруі шарт. Себебі, оқушы муғалімнің сөйлеуінін бәржәнеа үлги алып отырады. Сонымен бірге муғалім де оқұшының сөзінің мазмүнды, анық, бай әр тараптан сезімталдыққа, көркем, әсерлі түрде жолдастарына түсінікті, асықпай, дауысының өте әсте де, қатты да есітілмеуін талап етіп отырады.

Бұл жағдайларды болдырмау тез уақыттың ішінде шешілмейді, ал әсерлі оқудың мәдениетін үйренудің үстінде қалыптасып барады. Оқуға қосымша, көп оқу, жас көрермендер театрларына, киноларға қоғам болып бару, магнитофондарды тындау, әсерлі көркем оқитын артісттер мен ұшырасу, оқушылар арасында әсерлі оқу жарыстарын ұйымдастыру және т.б. қосымша жұмыстарды алып барудың

нәтижесіне ереседі. Мұғалім барлық жағдайда да оқушының демді алуына, дауысына  және оқу дикциясына, оқуына көбірек назар аударып, оның бір қалыпты болуын қадағалап баруы тіис.

«Мектептің ең басты міндеті, -деп көрсетеді В.А. Сухомлинский-адамды шығармашылық, ізденушілік ойға қарай тәрбиелеу. Мен жастық дәуірді-ойлау мектебі, ал муғалімді-өзін тәрбиәліну организмі мен рухи дүниесін қамхорлықпен қалыптастырушы адам, ретінде түсінемін»,- деген еді. Бізің қоғамымыздың тұрмысында кітап айрықша орынға ие. Себеби, кітап- білім алудың негізгі дерегі. Оқушылар оны оқу арқалы-өмірді тани және бақылай біледі, қоғамдық қатнасықтың зандықтарына, табиғаттың құбылыстарына түсінеді. Қоғамның өткендегі, қазіргі тарихына ақыл жүргізеді. Ондағы шындық, мәрттік қайырқомдық идеаларды, адамдардағы кеңпейілдік, пәклік, ерлік, адамгершілікті қатнасықтарды, адал енбек һаққындағы идеаларды оқумен олардан әсерленеді. Сонымен  бірге, әрқилы әдеби шығармаларды оқу арқалы өздерінің санасын дамытып та барады.

«Кітап балалардың өмірінде бала жақсы оқи білуге үйренгенде ғана ұлы орын иәлійді. Жақсы оқи білу деген сөздиң мәнісі неде. Бұл ең алдымен  кітап оқудың қарапайым ұсылын білу, оны дұрыс меңгеріп алу болып табылады. Сондықтан кітап муғалімниң оқушыға білім беруінде, тәрбиелеуінде, дамуында ең басты негізгі құрал болып есептәліді». Бұл құралды муғалім дұрыста, орынды да пайдалана білу-оқу тәрбие ісінің талапқа лайық шешіліп отыруының дерегі екендігін есте тутуы шарт.

## ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МЕТОДТАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕР

«Дидактика негіздері» деген еңбегінде бастауыш кластарда қолданатын оқыту методтарының түріне, *сөйлеп беру, әсерлі оқу, қадағалау, кітаппен жұмыс жүргізу, көндігу, әмели жұмыс методларын* жатқарады. Негізінде, бұл методтар жалпылылық сипатқа ие. Ал оқу сабағында негізінен *әсерлі оқу және муғалімнің түсіндіру методы* нәтижелі және қолайлы методтар қатарына жатқарылады. Бұл негізгі дәстүри методтардың оқу сабағында

көбірек қолданылатын методтардың түрі деп есептелінед. Ал қазіргі дәуірдегі жаңашыл муғалімдер бұннан басқа дәстүри емес-*диалог сабақ, семинар сабақ зерттеу сабағы, , сырттан саяхат сабағы, пікірталас сабағы, жарыс сабағы* һ.т.б *іздену, өзіншелік, бірге істеу* сияқты сабақтарды да ұйымдастырып, онда дәстүри емес методтарды да қолданып келмекте.

Оқу сабағының негізгі мақсаты-баланы саналы, түсініп оқуға үйрету, қоғам және табиғат тұралы бастауыш білім, әдеп-икрамдылық, эстетикалық тәрбие беру немесе дүниеға материалістік көзқарасын қалыптастыру, дұрыс, тез түсініп және әсерлі оқу көндікпәлірінің негізін салумен байланысты.

Бастауыш мектептің міндеті баланың білім алуын, оқу көндікпәлірін алумен ғана шектеніп қоймай, ал білу белсенділігін логикалық пікір жүріте алу, шығармашылық іскерлік және ұқыптылығының өсіп баруын да талап етеді. Бұл талаптарды іс жүзіне асыру үшін дидактикалық методтар муғалімнің үйрете алу, оқұшының үйрене алу мүмкіншілігіне негізделіп тандауы тиісті.

Әсерлі оқу-оқушыларды әдеби тіліміздің байлығы мен де, өзгешелігімен де таныстырудың ең жақсы ұсылы болып есептәліді. Ол 1-класстан бастап-ақ, өтіле бастайды. Сонлықтан, Т.Ф.Завадская «Бастауыш кластарда әсерлі оқу» деген мийнетинде-тәсирли оқу методикасының сүйсінетін негізгі зандылықтарына төмендегілерді жатқарады:

1. Оқушылар текстті оқыған дәуірінде тыңтаушыларға нені беретінін дұрыс, жақсы түсініуі тиіс;

2. Оқушылардың шығармадағы сөз етіп атырғаны барлығына дұрыс және әсерлі қатнасы болу;

3. Оқушы шығарманы текстті оқығанда оның анық мазмұнын толық бере алатынын ынтасы болу бұл ұшын ақиқый оқиғаларды, табиғат көрінісін тындаушылардың дұрыс түсіне алатынын және оны дұрыс бағалай алатындай етіп бере білу.

Солай етіп, бастауыш класста-ақ толық әсерлі оқудың негізгі міндеттері қойылады.

Оқудың осындай міндеттеріне қарай отырып оқыту, оқу методын тандай білуміз шарт. Бұған:түсіндіру, әсерлі оқу, қадағалау, кітаппен істесу, көндігу, әмели методтардан орынды жерде дұрыс пайдалана білу керек.

## ОҚУ САБАҒЫНДА АЛЫП БАРЫЛАТУҒЫН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ.

Оқушыларды оқу ісіне шынықтыру, оған көзқарасын қалыптастыру ұшын оқу сабағында әрқилы жұмыстар ұйымдастыра беруге болады. Бұл үшін муғалім оқудың алдына қойылған мақсаты анықлаумен материалдың сипатына, оқушылардың жасына, уқыбына, істеу ұқыбына, оқуға көндікпесіне қарай отырып, оқығанын түсіндіру, анализ жасай білу жағдайларын есепке ала отырып, төмендегі іс түрлерін ұйымдастыруға болады.

1. Оқушыларды сүрені түсінуге таярлау;
2. Сөздік жұмысын жүргізу;
3. Шығарманы оқу;
4. Түсінгенін білу мақсатында әңгімәлісу пікір алысу;
5. Текстті анализдеу;
6. Текcттің планын түзу;
7. Жоспар бойынша оқушыларға сөйлету;
8. Текстті бөлімдерге бөлдіріп үйрету;
9. Қортындылаушы әңгіме;
10. Оқығаны бойынша шығармашылық істер және т. б.

Бұл жұмыстарды ізбе-іздік пен істеп бару шартты да емес. Анық материалдар үстінде істеген жағдайда, сабақтың алдында тұрған мақсатына сүйене отырып бұларды істеу керек. Ал кейбір материалдар үстінде істегенде жұмыстың ізбе-ізділігін сақлаў шәртли де емес. Себебі, істейтін ісіміздің барысында сабақтың мақсатын орындау үшін әрқилы ұсылдарды қолдана білуимиз мүмкин. Мысалы, оқушылар мен істейтін дамытушылық жұмысты алып қарайық, оның неше түрін қолдануымызға (сұрауларға жауап жазу, тақырыпқа байланысты сүрет салу, кіші көлемде мазмұндама жазу, жобаластыру, және т.б.) болады. К.Д.Ушинский «Муғалім

алғаш баланы оқуға үйрету ал онан кейін ол істерді баланың өзіне тапсыру керек» деген ғой. Сондықтан біз балаға сабақта жұмыстың қандай түрін үйретсек кейін өзіне істетсек сонда ғана жұмыс дамытушылық сипатта болады.

## ОҚУДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОҚУДЫҢ САПАСЫ

Жоспары:

1. Оқудың түрлері

а) тез оқу б) жүрітіп оқу в) түсініп оқу

2. Оқушыларды оқуға көндіктіру жолдары

3. Әсерлі оқуға үйрету ұсылдары

***ОҚУДЫҢ ТҮРЛЕРІ.*** Оқудың алдына қойылған программалық талапты орындау-оқұшының оқуға көндігуіне байланысты. Оқу екі түрлі болады- мұның біріншісі, дауыстап оқу болса, екіншісі іштен оқу болады. Әліпбе дәуірінде оқушылар алғашқы оқу көндікпесін үйренсе, ал екінші жарымынан бастап олар оқуға бірқанша көндіге бастайды. Солай етіп, бұл дәуірде дауыстап оқу және іштен оқу барысын да үйренеді. Оқудың белгілі бір формаға түсуі үшінші классқа барғанда ғана қалыптасады. Оқушылар дауыстап оқумен іштен оқудың техникасын меңгергеннен кейін оны саұат ашқан оқушы деп айтуға болады. Алғашғы дәуірлердегі дауыстап оқудың өзі І-ІІ класс оқушыларын оқуға көндіктірудің саналы оқудың ең бір ыңғайлы жолы болып есептәліді және дауыстап оқу арқалы атырапындағы тындаушылардың да сол материал үстінде оқып тұрған оқушы мен бірге істесуі, онымен бірге тәсирлениұине, ойлануына алып кәліді.

Психолог Т.Г.Егоров өзінің «Балаларды оқуға үйрету психологиясының очерктері» деген еңбегенде оқу көндікпесін қалыптастырудың үш сатысын көрсетеді: біріншісі, аналитикалық екіншісі, синтетикалық үшіншісі автоматтасқан саты деген. Аналитикалық басқыш сауат ашу дәуіріне тұра кәліді. Бунда сөзді әріптеп, буындап оқу көндікпесі қалыптасады, синтетикалық басқыш үшін толық сөзді оқу тән. Бұнда көру арқалы оқып, мәнісін аңғару мен сәйкес кәліді. Оқу сөз мәнісін түсіну мен бірге іске асады. Бұннан кейін оқудың автоматтасқан басқышына өтеді. Бұл оқудың қалыптасқан дәуірі деп есептелінеді.

Сондықтан бастауыш класс балаларын саналы түрде алғаш дауыслап оқуға кейін іштен оқуға тендей үйретіп барсақ, соңын ала

оқудың барысында әрқилы жұмыстар істеп баруға мүмкіншіліктер туылады.

